Ауа райы: ● Қызылорда +30 ● Жаңақорған, Шиелі +35 ● Тереңөзек, Жалағаш +25 ● Қармақшы, Байқоңыр +23 ● Қазалы, Арал +20

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

23 | СӘУІР БЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №58 (18946) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ СЕССИЯСЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Ералы Тоғжановты қабылдады.

Е.Тоғжанов Мемлекет басшысына Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбымен өтетін алдағы XXII сессиясына дайындық барысы туралы баяндады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі сондай-ақ этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін ілгерілету жөніндегі жұмыстар мен өңірлердегі Достық үйлерінің, этномәдени бірлестіктердің қызметі туралы айтты.

● СӘУЛЕТТІК КЕҢЕС

«САЯХАТТА» ОЙЫН-САУЫҚ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық сәулет-қала құрылысы кеңесінің отырысы өтті.

Жиынды ашқан облыс әкімі күн тәртібінде 4 мәселе қаралатынын жеткізді. Мұнан соң облыс аумағында салынатын құрылыс нысандарының жобалары назарға ұсынылды. Алдымен Жалағаш және Сырдария аудандарының базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін құру жобасы туралы «Геоинфо» ЖШС директоры Владимир Цымбал баяндап берді. Айта кетейік, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі – елді мекендердің бекітілген бас жоспарының жұмыс жасауын және аумақты дамытуда мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін жүйе. Сондай-ақ ол аумақты игеруге байланысты мәселелерді шешуге қатысты тактикалық және стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған.

Ал, «Саяхат» шағын ауданынан ірге көтеретін сауда-ойын сауық кешенінің эскиздік жобасы туралы «Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС құрылтайшысы Ислам Қозыбақов айтып берді. Сұлтан Бейбарыс көшесінен бой түзейтін нысанның жалпы құны 3 млрд теңгені құрайды, қаржы кәсіпкердің өзінен. Кешен құрылысы 18 ай ішінде бітеді. Бұл аралықта 300 адам, ал қолданысқа берілгенде 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Облыс әкімі қала басшысына кешенге қатысты тиісті құжаттарды дайындауда қолдау білдіруді тапсырды. Бұдан кейін «Арай» шағын ауданында салынатын тұрғын үй кешенінің эскиздік жобасы жайлы «Жету» ЖК директоры Әлайдар Сыздықов айтып берді. Бұл жоба өткен айдағы отырыста талқыланып, кеңес мүшелері тарапынан тиісті ұсыныстар берілген еді. Сын ескеріліп, тұрғын үй кешенінің бас жоспары мен перспективалық көрінісі талапқа сай әзірленіпті.

Сондай-ақ, кеңесте күре жолдың бойында бой көтеретін тағы бір кәсіпкерлік нысанның жобасы талқыланды. Айта кетейік, алдағы 2 жыл ішінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің бойынан бірнеше санаттағы 33 сервистік қызмет көрсету кешені салынатын болады. Солардың бірі – «В» санаты бойынша Төретам кенті тұсынан салынатын кешен. Кәсіпкер Амангелді Мұсаев құрылысты 2 жылда аяқтауға уәде етті. Кешен іске қосылғанда кент тұрғындарынан 20 адам жұмыспен қамтылып, өңірде туризмнің дамуына септігін тигізеді деп күтілуде.

Жалпы, кеңес отырысына ұсынылған барлық жобалар қолдау тапты. Аймақ басшысы автобанның өн бойынан салынатын кешендер жобасы халықаралық талаптарға толық жауап бергенде ғана қолдауға ие болатынын және мерзімінде қолданысқа берілмесе жер телімі кері қайтарылатынын ескертті. Сонымен бірге құрылыстық жобаларда ұлттық сәулет өнері мен нақышының молынан қамтылуын және оның шығыстың классикалық үрдісімен үйлесім табуын басты назарда ұстауды тапсырды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

● БРИФИНГ

БЮДЖЕТТІК БОЛЖАМ АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында кезекті брифинг болып өтті. Онда Қызылорда облысы бойынша кірістер департаментінің басшысы Серік Мұстафаев БАҚ өкілдеріне 2015 жылдың 1-тоқсанында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, үстіміздегі жылға қойылған басым мақсаттармен таныстырды.

Департамент басшысы атап өткеніндей, 1-тоқсанға мемлекеттік бюджеттің болжамы 15,05 млрд. теңге болып белгіленсе, түсім 17,5 млрд теңгені құрады. Демек, болжам 116,8 пайызға орындалып, 2,5 млрд теңгенің артық түсуі қамтамасыз етілген. Оның ішінде республикалық бюджет 102 пайызға, ал жергілікті бюджет 133,2 пайызға орындалып отыр. Облыс бойынша барлық мемлекеттік кіріс басқармалары жергілікті бюджет бойынша белгіленген болжамды орындап шықты. Жалпы осы есепті кезеңде шоғырландырылған бюджетке салықтар мен төлемдер жиынтығы 55,1 млрд теңге түскен. С.Мұстафаев есепті кезеңде барлығы 41 кешенді және тақырыптық тексерулер нәтижесімен бюджетке 6,8 млрд теңге көлемінде қосымша салықтар мен төлемдер есептелгенін жеткізді. Оның ішінде салықтар мен төлемдер сомасы 4,9 млрд теңге болса, өсімпұлдар сомасы 1,9 млрд теңгені құрап отыр. Бүгінгі күнге дейін бюджетке өндірілгені 653 мың теңге, ал қалған сомалардың төлену мерзімдері белгіленген.

Брифингте 2015 жылдың 1-тоқсанында барлығы 95 лицензия беріліп, бюджетке 16,4 млн теңге лицензиялық алым түскені туралы мәлімет берілді. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 69 лицензия артық түскенін көрсетеді. Салық кодексіне енген өзгеріске сәйкес, алкоголь өнімін сатушыларға жыл сайын лицензиялық алым төлеу жүктелген. Нәтижесінде, ағымдағы жылдың басынан 149,1 млн теңге лицензиялық алым төленді. Қазіргі таңда лицензиясы бола тұра жылдық лицензиялық алым төлемеген 30 төлеуші анықталып отыр. Оның ішінде аудандар бойынша – 11, қала бойынша 19 төлеуші бар. Бұл жөнінде тиісті жұмыстар жүргізілуде. Наурыз айында алкоголь өнімдерін сақтау және сату заңдылықтарына жүргізілген тексеру нәтижесімен 117 тексеру актісі жасақталып, 4828 шөлмек алкоголь өнімдері тәркіленді. Оның ішінде лицензиясыз сатқаны үшін – 72, ілеспе құжатсыз сатқаны үшін – 41, күмәнді есептік бақылау маркасы үшін 4 акті жасақталған.

Департаменттің Экономикалық тергеу қызметі экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушыларды ашу мен тергеу, болдырмау, алдын алу бойынша жұмыстарды ұдайы жүргізіп келеді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында экономика саласында 68 қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде. 11 қылмыстық іс сотқа жолданып, мемлекетке келтірілген 360 млн теңге залал өндірілді. 558,5 мың теңгенің мүлкі тәркіленген. Жедел іздестіру нәтижесінде жалған кәсіпкерліктің 12 фактісі анықталып отыр. Департамент басшысы бүгінгі күні мұнай экспорты төмендегенмен, бұрын ескерілмеген салық көздері есебінен бюджетке түсетін салық көлемін кемітпеу бағытында нәтижелі жұмыстар жүріп жатқанын мәлімдеді.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

● ӨНЕР

ЖЕРГІЛІКТІ ТЕАТР ҰЖЫМЫ ҰЛЫБРИТАНИЯДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

Алпыс жылдық тарихы бар облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры Лондон сахнасында өнер көрсетеді. Бұған дейін Түркия мен Ресейде болып, қазақ өнерін алыс-жақын шет елдерге паш етіп, көрермендер көзайымына айналған өнер ұжымын бұл жолы Британ Парламенті Лордтар Палатасының өкілі баронесса Алисон Мари Сати арнайы шақыртып отыр. Ұлыбритания мемлекетіндегі қазақ өнері мен мәдениетінің күндері фестивалі аясында өтетін шараға Сыр театры жазушы, драматург Дулат Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесу» қойылымын ұсынбақ.

– Бұл пьеса алғаш «Транзиттік жолаушы» атауымен дүниеге келген болатын. Біз оны «Ескі үйдегі екі кездесу» деп алып отырмыз. Естеріңізде болса, өткен жылдың қыркүйек айында аталмыш спектакль Астана қаласында өткен Тілдер фестивалінде үш тілде сахналанды. Қазақ тілінде ұсынған біздің ұжымның өнері сол кезде жергілікті халықтың көңілінен ғана шығып қоймай, баронесса Алисон Сати мен Лондондағы Ш.Айтматов Академиясының басшысы, профессор Рахима Абдуалиеваның тарапынан да жоғары бағаланып, сол жерде Британ еліне шақырту алдық. Ұжым үшін бұл күтпеген жаңалық болды. Әрине, қуаныштымыз, қазақ өнерін ағылшын жұртына таныту біздің ғана емес қазақ елінің өнердегі жетістігі деп білемін. Осы ретте сапарымызға қолдау көрсеткен облыс әкімі Қырымбек Елеуұлына алғысымызды білдіреміз, – деді театрдың көркемдік жетекшісі Әмір-Темір Хұсейн.

Қарапайым қазақ әйелі мен бейтаныс адамның ішкі драмасын беруді көздеген қойылымның басты арқауы – жалғыздық мәселесі. Спектакльдің желісінде бұрын қазақ жерінде тұрып, Саха еліне көшіп кеткен Айтөренің жолаушылап жүріп, өзінің тұрған ескі үйіне келуі, ондағы Зейнеппен кездесуі, бір-бірін жете танымайтын екеудің мұндарын, сырларын қас-қабақтарынан түсініп, бауыр басуы суреттеледі. Сондай-ақ, спектакльде адамгершілік пен ізеттілік, қос жанның жан дүниелерін қалтқысыз түсінісуі секілді рухани бірліктердің үндесуі ерекше сипатқа ие болған.

Басты рөлдегі Зейнепті – Серпер Жастар Одағы сыйлығының лауреаты Қарлығаш Айтжанова сомдайтын болса, Айтөренің рөлін – Ұғым Баймаханов, Зейнептің баласы Ертайды Арай Көшімбаев ойнайтын болады. Ал елестің бейнесін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Үмүгүлсім Бегімова сомдайды.

Жалпы, небәрі төрт кейіпкер арқылы қазақтың тыныс-тіршілігін көрсететін бұл спектакль 25-сәуір күні Англия сахнасында қойылып, ағылшындықтардың ерекше ықыласына бөленеді деген сенім бар. Ең бастысы, театр артистері Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақ елінің өнерін әлемдік деңгейде дәріптейтін болады. Олай болса, театр ұжымына тек сәттілік тілейміз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне, 7 Мамыр – Отан қорғаушы күніне, 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай Қызылорда облысы бойынша ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға қатысуға шақырамыз.

Мерекелік іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда қаласы

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай облыстық музей қорындағы мемлекеттік наградалардан (медаль, орден, т.б.) және жергілікті қылқалам шеберлерінің туындыларынан «Тарих. Тағлым. Тағзым» атты көрме – 22 сәуір, 10 мамыр сағат 11.00. Көркемсурет галереясы.

«Жеңіске рух берген әндер» атты әскери және соғыс жылдарындағы әндерді орындаушы балалар хор ұжымдарының облыстық фестивалі – 28 сәуір, сағат 11.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

«Бір шаңырақ астында» атты әдеби-әуенді кеш – 28 сәуір, сағат 11.00. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

«Бір халық, Бір ел, Бір тағдыр» атты мерекелік шара – 29 сәуір, сағат 10.00. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған театрландырылған қойылым, этно-мәдени орталық өкілдерінің концерті, спорттық жарыстар, велошеру – 1 мамыр, сағат 10.00. Орталық алаң.

Қалалық демалыс паркінің жаз маусымына салтанатты ашылу рәсімі – 1 мамыр, сағат 11.00.

Отан қорғаушы күніне орай «Сыр сұлтаны» байқауы – 4 мамыр, сағат 16.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

«Әскердегі бір күн» девизі аясында жастардың әскери өмірмен танысуы – 5 мамыр, сағат 09.00. Әскери бөлімдер.

Әскери бөлімдерде мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған «Ашық есік» күні – 6 мамыр, сағат 10.00. Әскери бөлімдер.

Астана қаласындағы әскери парадты Қызылорда қаласының Орталық алаңындағы үлкен экраннан тамашалау, концерттік бағдарлама – 7 мамыр, сағат 11.00. Орталық алаң.

7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелік салтанат – 7 мамыр. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

«Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты республикалық ақындар айтысы – 8 мамыр, сағат 11.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаевты еске алуға арналған халықаралық мемориал – 8 мамыр, сағат 15.00. Қармақшы ауданы, Жосалы кенті.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған митинг, гүл қою рәсімі, концерттік бағдарлама – 9 мамыр, сағат 10.00. Тағзым алаңы.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік концерт (Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен) – 9 мамыр, сағат 19.00. Орталық алаң.

● КӨКТЕМ ТЫНЫСЫ

СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕНІМДІ ҚАДАМЫ

Биылғы көктемнің жаймашуақ күндерін ұтымды пайдалануға тырысқан Сырдария ауданының диқандары ерте бастан дала қосына шықты. Әсіресе бұл істе ауданның "Шаған Жер" серіктестігін ерекше бөле-жара айтуға тұрарлық.

Негізі серіктестік биыл 5133 гектар ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді межелеп отыр. Осы егілетін егістің 3075 гектарын күріш, 90 гектарын жаздық бидай, 161 гектарын мақсары, 323 гектарын жаңа жоңышқа, 1471 гектарын ескі жоңышқа және 10 гектарын картоп дақылы құрайды. Серіктестік кешегі сәуір айының оныншы жұлдызына дейін осы егілетін дақылдардың тұқымдарын толықтай себу дәрежесіне жеткізіп, дайындап қойған. Әрі егіске қажетті минералды тыңайтқыштар да толықтай алынып, техникалар да сапқа қойылған.

Серіктестік бүгінгі күнге дейін өзі межелеген 90 гектар жаздық бидай мен 323 гектар жаңа жоңышқаны және 161 гектар мақсарыны толықтай егіп болды. Мұнан бөлек ол 1474 гектар ескі жоңышқаны толық агротехникалық талаптарға сай тырмалап, күтімге алды. Осылайша көктемнің әрбір күні жылға азық екенін жақсы сезіне білген серіктестік диқандары күнделікті тірлікке қарқын қоса түсуде.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

Сыр бойы

газетіне 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

САЙЛАУ – 2015

БІЗДІҢ ТАҢДАУ — ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Кеше Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Степногор қаласының тұрғындарымен кездесті.

Делегация құрамында Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының басшысы Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, Қазақстан Қарулы Күштерінің ардагерлері қауымдастығының төрағасы Бақытжан Ертаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, сондай-ақ белгілі мемлекет және

қоғам қайраткерлері бар.

РҚШ мүшелерінің қала активімен кездесуі барысында «Sareco» БК» ЖШС металлургия зауытының жұмысшысы Асылбек Қаржаубаев Қазақстанның барлық еңбеккерлері Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс береді деп мәлімдеді.

«90-жылдары Степногорда қаншалықты қиын болғанын барлығымыз да білеміз: кәсіпорындар тоқтап тұрды, жұмыссыздықтың кесірінен көптеген адамдар қаладан кетуге мәжбүр болды. Алайда біздің Көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында қаланың екінші тынысы ашылды. ҮИИД бағдарламасы бойынша 5 кәсіпорын құрылды, біздің тауарлар шетелге шығарыла бастады, сату көлемі артты. Мен жұмысшы адам ретінде айтарым, осындай алпауыт мүмкіндіктері бар елді өндірістен хабары бар, қарапайым халықтың қажеттіліктерін білетін нағыз кәсіби тұлға басқаруы керек. Біздің Президент осындай адам!» - деді А.Қаржаубаев.

«Жас Отанның» Степногор қалалық филиалының жетекшісі Никита Карандашовтың айтуынша, қала жастары Нұрсұлтан Назарбаевты үлгі тұтады.

«Нұрсұлтан Әбішұлы өмірінде барлығына өз еңбегімен қол жеткізді. Біз оның батылдығына, ерік-жігеріне, мақсаттылығына қайран қаламыз. Ол кезде бүгінде бізде бар мүмкіндіктер болған жоқ. Қазақстан жастары бақытты. Біз табысты әрі гүлденген мемлекетте өмір сүріп жатырмыз! Бізде әлемнің үздік университеттерінде білім алып, жеңілдікпен баспана алуға, ең тиімді жұмыс шарттарын таңдауға мүмкіндігіміз бар! Менің көшбасшым – біздің Елбасы», - деді Н.Карандашов.

«Биомедпрепарат» кәсіпорнындағы кездесуде жас ғалым Ринат Ханнанов Президентке «Болашақ» бағдарламасы үшін ризашылығын білдірді.

«Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында қарапайым отбасынан шыққан маған және көптеген мыңдаған жас қазақстандықтар үшін «Болашақ» Президенттік бағдарламасы бойынша әлемнің жетекші университеттерінің бірінде білім алудың бірегей мүмкіндігі туды. Мен М.В.Ломоносов атындағы ММУ-ді бітірдім және өзіме көрсетілген сенім үшін үлкен жауапкершілікті сезінемін. Сондықтан оқуды бітіргеннен кейін жұмыс тауып, менің білім алуыма берілген қаржыны есептеп қайтаруға күш салдым. Мен еңбек жолымды еліміздің бірегей ұжымдарының бірінде бастау бақытына ие болдым. Біз отандық иммундық модельдеу препараттарын жасаумен айналысамыз. Ол біздің денсаулық сақтау саласы үшін өте қажет, Қазақстанда мұндай зерттеулер жүргізуге Елбасы қамтамасыз еткен елдің экономикалық гүлденуі арқасында қол жеткізілді», - деп атап көрсетті Ринат Ханнанов.

Ақмола облысы тұрғындарымен кездесуі барысында РҚШ мүшелері сондай-ақ бүкіл Қазақстанға белгілі «Родина» агрофирмасының ұжымында болды.

«Мен көп жылдардан бері сауыншы болып еңбек етіп келемін, балалар өсіріп, оларға білім беріп жатырмыз. Біздің ауылымыз дамып келеді, жастар ауылдан кетіп жатқан жоқ, үлкендердің тәжірибесін үйреніп, ауылды көтеруде. Біздің өмірімізде болып жатқан үлкен жетістіктерді көріп, өзіміз де сезініп отырмыз. Әлеуметтік бағдарламалар ойдағыдай жүзеге асырылуда, жаңа жұмыс орындары ашылуда, бұл ғану, халықтың өмір сүру сапасы жақсарып, қоғамда тұрақтылық сақталып отыр деген сөз», - деп атап өтті «Родина» агрофирмасы» ЖШС сүт зауытының машинамен сауу операторы Галина Ковтун.

Ақмола облысының тұрғындары РҚШ мүшелерін бүкіл өлке жұртшылығы Президенттік сайлауда Нұрсұлтан Назарбаевқа бірауыздан дауыс беретініне сендірді.

ХАЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Сейсенбі күні Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Ақмола облысының тұрғындарымен кездесті.

Сапар барысында РҚШ мүшелері «Көкшетау» мәдениет сарайында, облыстық қан орталығында, «Көкшетау минералды сулары» өндірістік кәсіпорнында және ҚР ІІМ Көкшетау техникалық институтында болды.

«Мен ауыл шаруашылығындағы кәсіпкер ретінде Президентке бизнеске үнемі қолдау көрсетіп жүргені үшін алғыс айтқым келеді. 2001 жылы біз жеті адам болып бастағанбыз, қазір бізде 500-ге жуық адам жұмыс істейді. Бұл бес жүзге жуық отбасында тұрақты табыс көзі бар дегенді білдіреді. Бүгінде мемлекеттік қолдау шеңберінде «ҚазАгроҚаржы», «Даму» қоры арқылы және «Бизнестің жол картасы» арқылы 5 пайыздық несиелер, 7 пайыздық субсидиялар беріледі. Көптеген жылдар бойы біз Елбасымыздың орасан зор қолдауын сезініп келеміз», - деп атап өтті «Есіл Агро» ЖШС директоры Асылбек Ісмағамбетов облыс активімен кездесу барысында.

Көкшетау қалалық ауруханасының кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Сергей Зиборов 26 сәуір күні өзі және отбасы неліктен Елбасына дауыс беретінін айтты.

«Ұлтыңа, дініңе, тіліңе қарамастан өзгелермен терезесі тең дәрежеде өмір сүруге болатын мемлекетте тұру – үлкен бақыт. Қазақстанды бейбітшілік пен келісім орнаған, бірлігі жарасқан халқы бар әлемнің бірегей еліне айналдырғаны үшін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген алғысым шексіз», - деп атап өтті С.Зиборов.

«Кәсіпкерлер, орта тап – бұл әр мемлекеттің тірегі. Біздің мақтан тұтатын, бағалайтын дуниеміз бар. Сондықтан алдағы сайлауда Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңіске жетуі бизнестің әрі қарай дамуына кепіл болмақ», - деп атап өтті «Көкшетау минералды сулары» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Аскар Әлиев.

«Өз жерімнің патриоты ретінде, біздің Қазақстан ұлы және тең мүмкіндіктер елі екенін айтқым келеді! Бұған менің тағдырым дәлел: мен ғылыми дәрежеге ие болдым, ғылыммен айналысамын, «2014 жылдың үздік дәрігері» атағын алдым. Мен өз тағдырымды барша қазақстандықтар секілді Нұрсұлтан Назарбаевпен тығыз байланыстырамын. Ол – менің көшбасшым, ол – біздің ортақ көшбасшымыз. Ол – бүкіл Қазақстан халқына көшбасшы бола білген адам!» - деп атап өтті өз сөзінде Ақмола облыстық ауруханасының неврология бөлімінің меңгерушісі Мақшәріп Мартазанов.

Нұрсұлтан Назарбаев басшылық ететін еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы табыстарын санамалай келе, ақмолалықтар Елбасымен ертеңгі күніне сенімді екендерін мәлімдеді. Сондықтан халық президенттік сайлауда Қазақстанның бейбітшілік, бірлік және ел гүлденуінің символы болып саналатын Елбасы үшін дауыс береді.

БЕЙБІТШІЛІК ҚҰСЫ, БИІК ҰШ!

Кеше Қазақстан Коммунистік халық партиясынан Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Т.Сыздықов пен жас коммунистер тобы қызыл ленталармен әсемделген көгершіндерді аспанға ұшырды. Олардың ұшуы дүниежүзіндегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен өркендеуді, сондай-ақ, коммунистік идеялардың жаңа биіктерге көтерілуін сипаттайды.

Акция қатысушылары алдында сөз сөйлеген Т.Сыздықов бүгінгі күні бейбітшілік пен өркендеу идеяларын алға тартуда жастарға түсінікті және айқын рәміздердің қажет екенін жеткізді.

– Осы көгершіндердің ұшуы астарында тек айқын және түсінікті рәміздер мен мақсаттар біздің жастардың қашықтықтардан өтуін және жаңа көкжиектерге жетуін білдіретін идея жатыр. Бейбітшілік құсы деп танылған көгершін, дүниежүзінің барлық жеріндегі ұрпақтардың өкілдеріне түсінікті интернационалдық рәміз болып табылады, – деді ол.

Қызыл ленталар аспанда желбіреген сәтте, партияның жас өкілдері атынан В.Смирнов баяндама жасады.

Ұшып бара жатқан құстарды бақылай отырып, шараның қатысушылары оларға қызыл жалаушалармен бұлғап, Интернационал гимнін орындады.

КЕЗДЕСУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Коммунистік халық партиясы атынан ҚР Президенттігіне үміткер Тұрғын Сыздықов Астана қаласындағы республикалық сайлауалды штабында сенімді тұлғалар және насихатшыларымен кездесті.

Үміткер Т.Сыздықов Астана қаласында республикалық сайлауалды штабының мүшелерімен кездесіп, үгіт-насихат науқанының барысы мен аймақтардағы сайлаушылармен кездесу нәтижелерін талқылап, жалпы атқарылған жұмысқа қанағаттанып отырғандығын жеткізді.

Т.Сыздықовтың пайымынша, оның ҚКХП атынан Президенттікке кандидат ретінде сайлау науқанына қатысуы халықтың назарын батыс мәдениетінің жағымсыз тұстарына аударуға мүмкіндік берді.

Өз кезегінде кандидаттың сайлауалды штабының жетекшісі Айқын Қоңыров: кандидатты қолдау үгіт-насихат кампаниясының жоспары толық іске асырылып жатқанын айтып өтті.

ШТАБТАР ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРУДЕ

ҚКХП атынан Президенттікке кандидаттың Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сайлауалды штабы үгіт-насихат жұмысының нәтижелері жөнінде баяндады.

Обком жетекшісі Н.Қадырқұлов, қазіргі уақытта интернационализм, төзімділік пен шыдамдылықтың, ізгілік пен адамгершіліктің маңызы күннен күнге артып келе жатқандығын алға тартты. Осы құндылықтар барлық мемлекеттердің өркендеуінің негізі болып табылады.

Ақтау қаласында ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықовтың аймақтық сайлауалды штабы жұмыстың алдын ала қорытындысын жасады.

«Аймақтық сайлауалды штабы Т.Сыздықовты қолдауға бағытталған бірқатар шаралар өткізді», - деді Маңғыстау облысы бойынша партия комитетінің жетекшісі Р.Махамбетова.

***

Қазақстан Коммунистік халық партиясынан ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықов аймақтық сайлауалды штабтары жетекшілерімен скайп-конференция өткізді. Кіріспе сөзінде Т.Сыздықов үгіт-насихат науқаны жоғары дәрежеде жария және тең мүмкіндіктер жағдайында өткізіліп отырғанын жеткізді.

Науқан барысында кандидаттың үгіт-насихат пойызы сегіз аймаққа барып, сайлаушылармен 60-тан астам кездесу өткізілді.

– Көп уақытты халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ортақ өркендеу мен бейбітшілік үшін барлық халықтардың өзара әрекеттестікке тартылу қажеттігі туралы дискуссияларға жұмсадық, - деді жиналғандарға Тұрғын Ысқақұлы.

Содан кейін, облыстық комитет жетекшілері жұмыс нәтижелері жөнінде баяндады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша сайлауалды штабының жетекшісі С.Жарылғасымов, насихатшылардың 18 елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесу барысында кандидаттың бағдарламасы туралы баяндағанын жеткізді.

Атырауда да жұмыс өз жалғасын табуда. Атырау облысы бойынша сайлауалды штабының жетекшісі Е.Даулетқазиев баяндағандай аймақта жүргізіліп отырған жұмыс жемісті.

– Ақтөбелік сайлауалды штабта 5 сенімді тұлға және 20 обком белсендісі, бүкіл облыс бойынша 120 насихаттаушы қызмет етіп келеді, - деді Ж.Молдашев.

Маңғыстау облыстық сайлауалды штабы Ақтау қаласынан басқа үш елді мекенде – Шетпе, Форт Шевченко, Мұнайшы қалаларында кездесулер өткізген.

Қызылорда және Жамбыл облыстық сайлауалды штабтары да белсенді қимыл танытуда. Олар облыс тұрғындары және еңбек ұжымдарымен 100-ден астам кездесу өткізді.

Республикалық штаб жетекшісі А.Қоныров елде 16 облыстық және 1 республикалық сайлауалды штабы қызмет етіп отырғанын, кандидатың 100-ге жуық сенімді тұлғасының тіркелгенін, үгіт-насихат жұмысында 15 000-нан астам белсенділер мен насихаттаушылар тартылғанын баяндады.

Басылымдар мен электронды бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидарға кандидат пен аймақты сайлауалды штабтарының қызметі туралы мыңнан астам ақпарат жарияланды. Бүкіл республикада, облыс орталықтарындағы, аудандар мен ауылдардағы жарнамалық орындарда 600 000 сайлауалды плакаты ілінген. Әрбір облыс орталығында 80 билборд орнатылған.

АДАМЗАТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ АЛАҢДАТУЫ ТИІС

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайынов Шығыс Қазақстан облысының жұртшылығымен кездесті. Кездесу кезінде ҚР Президенттігіне кандидат сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

– Атмосфераның, топырақтың, әлем мұхиттарының ұзақ уақыттан бері әрі үздіксіз ластануына қарап, экологиялық ахуал әлемдегі нөмір бірінші проблема деуге болады, - деп атап өтті Ә.Құсайынов.

Кандидат мәлімдегендей, көлік құралдары мен өнеркәсіптік кәсіпорындар оттегін көп мөлшерде пайдаланып, адамдар оны қалпына келтіруге асығар емес, тіпті қалдықтарды тазартуға күш салып отырған жоқ.

Жыл сайын атмосфераға 1250 млн тонна көміртек қышқылы, 170 млн тоннаға дейін күкіртті ангидрид, 20 млн тонна азот тотығы, сонымен қатар күкіртті сутегі, күкіртті көміртек және басқа да химиялық зиянды заттар тасталады. Тұрғын үйлер мен тұрмыстық кәсіпорындар тұрмыстық және өзге де қоқыстар шығарады. Табиғи ортада қағаз кемінде – 10, консервілі ыдыстар – 90, темекі тұқылы – 100, полиэтилен пакеттер – 200, пластмасса – 500, шыны – 1000 жылда іріп-шіриді.

Жылу энергетикасы атмосфераға зиянды заттар шығарып, ол соңынан топыраққа қонады. Ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын улы химикаттар топырақ пен қоршаған ортаны қоса улайды. Көлік құралдарының қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрғанда да зиянды заттар бөлініп, топыраққа қонады да өсімдіктерге сіңеді.

Мұның бәрі топырақтың құнарын жойып, қайта қалпына келуіне кедергі жасайды. Ал мұнай өнімдері, нитраттар, фосфаттар, гербицидтер мен тұрмыстық қоқыс әлем мұхиттарын ластап жатыр.

2000 жылдан бері әлем мұхиттарының қышқылдық деңгейі 10 есеге артып, маржан рифтерінің 19%-ы Жер бетінен жойылып кетті.

Адамзаттың табиғатқа қарсы қатыгез тұрмыс-тіршілігі Жер шарының экожүйесіне үлкен қауіп төндіруде. Мұндай қарым-қатынасты өзгертетін кез жетті.

Құсайыновтың пікірінше, жоғарыда айтылған фактілерге, әсіресе адам мен табиғат арасындағы байланысқа қарап, адамдар табиғат аясын, оның ішінде өзі өмір сүріп жатқан қоршаған ортаны құртып жатыр деген ой түюге болады.

Сондықтан біз бүгінде экологияны өз үйіміз жайлы ғылым ретінде түсініп, сезінуіміз қажет. Қоғамдық тәртіптің табиғаттың даму заңдылықтарына қайшы келмейтіндей жаңа үлгісін қалыптастыру керек. Экологиялық білім мен тәрбие қоғамның жүйелік негізіне айналуы тиіс.

«Біз экология туралы білімді, қауіпсіз әрі экологиялық таза ортада өмір сүру қағидаларын, табиғат пен адамзатты қоршаған айнала туралы білімді қоғам санасына сіңіре білуіміз керек.

Экология мен табиғатты қорғау жұмыстарында азаматтық белсенділікті дамыту маңызды.

Әр адам сау табиғат пен қолайлы қоршаған орта ғана адамзат өмірі мен болашағының кепілі бола алатынын сезінуі қажет», - деді кандидаттың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Р.Жоламан.

Оның айтуынша, экологиялық түйткілдерді сезіне отырып, экономиканы экологиялық тиімді жағдайда дамыту маңызды.

«Қауіпті өндіріспен айналысатын барлық ұйымдар өз жұмысшыларының, нысандары мен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне жауапты.

Қандай әлеуметтік қайшылықтар туындамасын, табиғатпен үйлесімді өмір сүру әрбір адамның басты міндетіне айналуы тиіс», - деді Әбілғазы Құсайынов.

Мына мәселеге назар аудармасқа болмайды. Жер бетінде халық санымен салыстырғанда, энергия тұтыну – 3 есеге, минералдық ресурстарды игеру 2 есеге артып отыр. Тау-кен өнеркәсібі жыл сайын адам басына шаққанда 40 тоннадан аса өнім өндіреді. Көмір өндіру кезінде жыл сайын 1 млрд шаршы метрге жуық қажетсіз тау жыныстары қопарылады.

50 жылда ғаламшардағы өсімдіктер мен жануарлар түрлері үш есеге кеміген. Еуропаның өзінде олардың 17 мың түрі жойылып кетті. Жалпы, Жер шарында жыл сайын жан-жануарлардың 30 мыңға жуық түрі жойылады. Жерорта теңізіндегі флора мен фауна үш есеге азайды. Соңғы 45 жылда жабайы аңдар мен өсімдіктер саны 25-30%-ға кеміді. Жыл сайын адам баласы жануарлардың 1%-н жойып отыр.

Осындай қанағатсыз әрекетінің кесірі айналып келгенде адамның өзіне үлкен соққы болып тиюде. Сондай-ақ әлем мұхиттарына, климатқа, жануарлар мен өсімдік әлеміне үлкен қауіп төндірді. Кандидаттың айтуынша, қазірдің өзінде қоршаған ортаның пайдалы экологиялық қасиеттері үлкен өзгеріске ұшырап, әлемдік қауымдастықтың тұтастығы мен өркениеттің дамуына қауіп төндіріп тұр.

«Адам табиғат пен өзін құтқару үшін не істеу қажеттігін қазірден ойластырғаны дұрыс. Әсіресе, жойылып кетуге жақын тұрған жануарлар мен өсімдіктерді қорғау керек деп есептеймін. Олардың азаюына себеп болып отырған азық-түліктен бас тарту қажет. Осы орайда экологиялық білімді кеңейтіп, дамыту маңызды. Бүгінде экологияны өз үйіміз туралы ғылым ретінде қабылдап, сезінуіміз керек. Яғни, биосфера, оның даму ерекшелігі мен бұл процестегі адамның рөлін жақсы түсінгеніміз жөн. Осы жерде экология саласындағы ғылыми зерттеулерді көбейту қажеттігі туындайды», - деді кандидат.

Оның пікірінше, жалпы білім беру мектептерінде экология және өнеркәсіптік қауіпсіздік негіздері бойынша міндетті пән енгізу маңызды.

Табиғи ресурстарды тұтыну көлемін азайту қажет, себебі, ертелі-кеш оның қоры таусылып қалуы мүмкін. Бар күшімізді Жаһандық жылыну көлемін азайтуға жұмсайық. Ол үшін атмосфераға зиянды қалдықтар тастауды доғару керек.

«Сонымен қатар баршаңызды энергия мен су ресурстарын тиімді тұтынуға шақырамын», - деді кандидат.

«Жер шарының 70%-н су алып жатыр. Алайда ауыз судың көлемі шектеулі. Себебі, айналаны қоршаған сулардың 97%-ы теңіздер мен мұхиттарға тиесілі. Қалған 3%-ы мұздықтардың құрамында немесе жеті қабат жер астында жатыр.

Сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесіне назар аударткым келеді. Адамның барлық шаруашылық қызметі қоршаған ортаға зиянын тигізбейтіндей жүргізілуі керек.

Қауіпті өндіріспен айналысатын барлық ұйымдар өз жұмысшыларының, нысандары мен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне жауапты. Барлық кәсіпорындар өз жұмыстарын қоршаған ортаға әсері мейілінше аз болатындай етіп жүргізулері керек», - деп қорытты сөзін Әбілғазы Құсайынов.

ЕШКІМ ШЕТ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Егемен еліміздің өміріндегі ең маңызды саяси науқан – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына санаулы күн қалды. Қоғам назарын аударып отырған бұл сайлау еліміздің экономикасы мен әлеуметтік дамуын баянды етуге бастайтын нық қадам деп ойлаймын. Сондықтан Сыр бойы жұртшылығын 26 сәуір күні болатын сайлауға біркісідей белсенді түрде қатысуға шақырамын.

Бүгінде көпұлтты Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму жолын таңдаған әрі бейбітшілікті ұстаным еткен ел. Сондықтан біздің мемлекетімізді әлемнің көптеген елі танып, қарышты қадамдары мен тегеурінді бастамаларына қолдау білдіріп келеді. Тәуелсіздігімізді алған ширек ғасыр ішінде еліміз өзіндік жолмен қалыптасып қана қоймай, сыртқы және ішкі әлемде біршама жетістіктерге жетті, талай игі істерді тындырды. Қазіргі таңда экономикасы даму ырғағынан жаңылмаған, әлеуметтік ахуалы екпінді елде жүзден астам ұлттың өкілдері өзара тату тіршілік етіп, ортақ Отанымызды нығайту үшін әр салада бірлесе еңбек етіп жүрсе – бұл еліміздегі жарасымдылықтың, ынтымақтастықтың көрінісі. Ұлтқа бөлінбей, сенім мен тіл мәселесінде түсіністікпен бір шаңырақ астында жарасымды өмір сүрудің қазақстандық үлгісі бүгінде шет мемлекеттер сүйсіне қараған өнегеге айналды. Әлемнің мызғымастай алпауыт мемлекеттерін теңселткен қаржылық, экономикалық дағдарыс заманында таршылық көрмей, өсіп-өркендеп жатқан жайымыз бар. Көршілермен достық қарым-қатынаста мазмұнды байланыс орнатып, алыс-жақын мемлекеттермен де сауда-экономикалық тұрғыда тең құқылы келісім-шарттар жасасып, алға басқан Қазақстанның болашағына сенеміз және сол жақсы күндердің қызығын барлық ұлттардың ұрпағы бірлесе көреді деп ойлаймын. Олай болса, алдағы Президент сайлауына қатысу әрқайсысымыздың азаматтық міндетіміз. Ал сайлауға қатысып, таңдау жасау – өмірлік мұраттармен шендесетін маңызды мәселе. Сондықтан сайлауда дауыс беруден ешкім шет қалмауы тиіс.

Алмағүл ЖИДЕБАЕВА,
“Кедентранссервис” АҚ Қызылорда филиалының инспекторы.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ҰЛЫҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Сайлауда дауыс беру арқылы әркім елдің саяси-экономикалық, мәдени дамуына үлес қосады. Оның дәлелі бәріміздің көз алдымызда. Өз басым руханият саласының өкілі ретінде осындай игіліктер қатарындағы “Мәдени мұра” бағдарламасын бөле-жара айтар едім. Соның нәтижесінде әлемдегі түрлі кітапханалар мен мұрағаттардан маңызы зор жәдігерлер табылып, қазақ жеріне жеткізілді. Сондай-ақ “Қазақстан-2050”, “Мәңгілік ел” стратегиялары жүзеге асырылуда.

Кезектен тыс Президенттік сайлау елдің болашағы мен тыныштығын, экономикалық-әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Халыққа қажеті тыныштық пен бірлік, молшылық пен баянды болашақ. Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы жұмыссыздық пен берекесіздікті, әр саладағы кері кетушілік пен ысырапшылдықты көзімен көріп, жүрегімен түйсінген көпшілік ол күндердің келмеске кеткеніне шүкірлік етеді. Қазіргі Қазақстан өзінің тұрақты бағыт-бағдары, қойнауы тұнған байлығы бар, береке-бірлігі жарасқан сан ұлт өкілдері тұратын құт мекенге айналды. Талай қиындықты бастан өткерген адамдар бойында төзімділік, болған іске болаттай беріктілік қасиеттері қалыптаса бастады. Енді соған орай ұлттық қадір-қасиетімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды өз қалпында қоғам өміріне дендеп ендірсек, ғаламдық экономикалық дағдарысқа қарсы тұрар күшке ие болар едік. Ол үшін бәріміздің бір тудың астына топталып, бір бағытта нық қадам басуымыз керек. Яғни, Президент сайлауына біркісідей қатысып, нақты таңдау жасағанымыз, өзгелерді соған жетелей білгеніміз абзал.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,
ҚМУ жанындағы “Қорқыттану және өлке тарихы” ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

ЕЛ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСАЙЫҚ

Үстіміздегі жылғы 26 сәуірде өтетін сайлау ел дамуындағы ерекше белес болмақ.

ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы ең алдымен елімізде тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталып отырғаны рас. Біздің елдің болашаққа деген үлкен даму жоспарлары бар. Соның ішінде “Нұрлы жол” бағдарламасы мен “Қазақстан-2050” Стратегиясын және “Мәңгілік ел” идеясын жүзеге асыру міндеті тұр. Бұл істерді жүзеге асыру үшін елімізде саяси тұрақтылықты сақтау да қажет. Орайы келгенде айта кетейін, ел дамуының алға қойған мақсаттарында ұлттық өнерімізді өрге сүйреуге де айрықша мән берілген. Өзім өнер адамы болған соң бұл жайтты қуана қолдаймын.

Мен бұл сайлауға барлық қызылордалықтардың біркісідей қатысатынына сенемін. Өзім де осы күні сайлау учаскесіне барып, таңдау жасаймын.

Рамазан ТАЙМАНОВ,
композитор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Шағын әулетте екі Ыбырай болды.
Біріміз «етікші Ыбырай»,
мен «кетпеншi Ыбырай» атандым.
Етікшінің тұқымы білім, өнер құды.
Оның ұлы Қасымбек інімізге білім қонды.
Жасынан қызметке араласты.

Ыбырай ЖАҚАЕВ.

Тілімізге үйіріліп отырған тақырып бұған дейін айтылып та жүр, жазылып та жүр. Демегіміз – Сыр өңіріндегі жас ұрпаққа политехникалық білім берудің бұрын-соңды шежіре-тарихы жазыла қойса, сол қозғалысты жандандырушы белсенділері қатарынан осы өңірге есімі Мәшһүр Қасымбек Ыбыраевтың тындырымды тірлігін тұшына оқуға болар еді. Бүгінгі көзін көрген шәкірттері бірінші ол кісінің ұстаздық ісін мақтан етеді.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Жә, әңгімені төтесінен бастап өрбітейік. 1952-1953 оқу жылдарында Сырдария ауданындағы «Коммунизм» (қазіргі қаладағы №43 Кеңес Одағының батыры Ж.Махамбетов атындағы орта мектеп) жетіжылдық мектебі директорының орынбасары болып бетінің жартысын көзілдірік жапқан, самай шашы ағарған, дембелше келген ақсары өңді егде кісі келді.

Ол кісінің келуімен мектепке бұрын бізге бейтаныс жаңалықтар ене келді. Мәселен, есімізде қалғаны – сабақ арасында, үзілістерде өтетін жиналыстарда Одақтағы, әлемдегі жаңалықтар,оқыс оқиғалар, әсіресе бейбітшілік, социалистік елдердегі тыныс-тіршілік жайлы қызықты оқиғаларға әлгі кісі шолу жасап, мазмұнды мәлімет айтып беруді әдетке айналдырды. Келе-келе өзге мұғалімдер де осы әдісті өрбітіп, әр үзілісте әрқайсысы әр тақырыпты қозғайтын болды. Келе-келе бұл бастаманы жеке сыныптарда да жалғастыратын болды. Сол тұста сол оқу орнында білім алған азаматтар әліге дейін сөз етіп отырады бұл тәсілдің естен кетпес сәттерін. Бір жайтты еске ала отырайық – сол Қ.Ыбыраев енгізген жаңалықтың арқасында облыс ауыл шаруашылығы мен мәдениет саласындағы, кадрлық ауыс-түйістерді кезінде естіп, біліп отыратын болдық. Мұның өзі шәкірттер қауымының жаңалыққа деген құштарлығын оятып, өрісін кеңейтіп отырушы еді.

Аталған ағайдың мектебімізге ұстаз болып келуіне орай оқушыларға политехникалық білім берудің заманның талабына сай ерекшеліктері мен артықшылықтары әр ұстаздың сабақ түсіндірудегі, оқуды күнделікті пайдалы еңбекпен ұштастырудың маңызы мен пайдасы нақты мысал, көрнекі құралдар көмегі арқылы насихаттала басталды. Әсіресе Қасымбек ағайдың өзі өткізген әңгіме-сабақтары оқушылар қауымының еңбекке, қосымша мамандық алуға деген қызығушылық туғызушы еді.

Айтпақшы, Қасымбек ағайдың қадамы құтты болып, аулымызға, мектебімізге ерекше қуаныш ала келді. 1954-1955 оқу жылында ол осы мектепке директор болып тағайындалды да, оқу орны орта мектеп деген ресми дәреже алды. Сөйтіп басшысы жаңа, жаңадан орта мектеп деген атақ алған оқу орны шәкірттеріне политехникалық білім беруді нысана етіп, талаптың тұлпарына құрық салды.

Алдымен колхоз басшыларымен келісіп, суға ұрымтал, тың жерден 25 гектар оқутәжірибелік участок алып, оған сірлемдік жүгері егуге талап қылды. Сөйтіп жүгерілік участок белгіленген соң оқушылардың арасынан арнаулы звено жасақталды. Оларға білікті ұстаз Тотай Тұрлығұлов жетекшілік ететін болып белгіленді. Ол да ауылда туып, диқаншылықпен көз ашқан, әрі шаруашылық басқарған текті адамның баласы еді. Шәкірттерін ұйыстырып, оқудан тыс дала жұмысына құлшына кірісті. Ал, мектеп директоры Қасымбек Ыбыраев осы тұста тағы да өзінің білім, білігін, бай тәжірибесі мен жоғары орындар алдындағы абырой-беделін тиімді пайдаланды. Су жолдарын тәртіп бойынша ретке келтіріп, қажетті тыңайтқыштар алудың да жолын тапты. Алдымен МТС басшыларымен де тіл табысып, олар қажетті кезінде техника бөліп, қажетін өтеп тұратын болды... Сөйтіп келесі көктемде «Коммунизм» (ол кезде осылай аталатын) мектебі оқушыларынан жасақталған өндірістік бригада ұжымы «жүгері жорығына» аттанып, Жер-Анаға дән септі. Алтын күз оқушы диқандарға мол өнім сыйлады. Ауыл іргесіндегі сүт фермасының (50 сауын сиыры болатын) жем-шөп қоймасына 8 айға жететін сүрлем қорын құйып берді. Оқушы диқандар еңбегі жоғары бағаланып, бригаданың 4 мүшесі мен бір ұстаз Москвадағы бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып қайтты.

Туған жерінде «Ұстаздардың ұстазы» атанған қазіргі кейіпкеріміз Қасымбек Ыбыраевтың адам тәрбиесі жөніндегі шәкірттері мақтан етіп жүретін қызметкерінің бір парасы осындай.

Жә, осы жерде аздап шегініс жасап, ұстаз жөніндегі баянымызды толықтыра отырайық. Қасекең ұстаздық (тарихшы-педагог) мамандықты Ұлы Отан соғысына дейін игерген. Әуелі Одақтық геологиялық институтқа түсіп, тұрмыс тауқыметі шалғайға жабысып оқуға мұрша бермеген. Дегенмен білімге құмар жан ақыры жоғары білімді Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттан алып шыққан...Ұлы майданнан капитан шенінде жеңіспен оралған Қасекеңді «Ұстаздардың ұстазы» атандырған аса құрметті еңбек жолы басталды. Басты-бастысын ғана айтар болсақ, облыстық партия комитеті ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары және Қызылорда пединститутында проректор қызметтерін атқарды. Бұған КПСС орталық комитетінің қаулысына сай отызмыңдықтар қатарында Сырдария ауданының екі колхозына басшылық еткенін қосыңыз. Шаруашылықтан оралған соң ұстаздық кәсібіне қайта келіп, еңбек демалысына шыққанша қаладағы С.Сейфуллин атындағы орта мектеп ұжымына басшылық етті.

...Енді ұлағатты ұстаздың мақтауға да, мақтануға татырлық ғұмырнамасының ерлікке толы екінші бетін ашайық.

Жеңіс және кеңес Армиясы күндері Қасекенді құттықтап барып, шәкірттік парызымызды орындау дәстүрлі әдетіміз еді. Әр барған сайын майдандағы жорық жолдары туралы әсерлі оқиғаларды қызықты да әсерлі етіп әңгімелеп беретін. Тыңдаушыларға әр оқиғаның өткен сәтін, уақытын, болған жерін, мезгіліне дейін жаңылыспай баяндап беруші еді. Еге тартқан, елуді еңсерген адамның жадының мықтылығына, зеректігіне таңғалушы едік. Ұқыптылық деп осыны айт соғыста жүріп өткен майдан жолдарын түгелдей картаға түсіріп, әр айқас болған жерлерді ерекше таңбамен белгілеп қойған. Әр таңба тұсына келгенде тыңдаушысын бір қорқытып, бір қызықтыратын оқиғалы әңгіме шертеді. Міне, оның майдандағы жүріп өткен жолдары... Волгоград (Сталинград), Гостев, Одесса, Николаев, Никополь, Мелитополь, Таганрог, Бобруйское, Баранович, Пружанна, Варшава... қалаларын жау тырнағынан ажыратып алу жолындағы қантөгіс қырғынның белортасында әлденеше рет жарақат алды. Бұған омырауын оққа тосқан Сталинград майданында алған «сыбағасын» қосыңыз...

Майдан даласындағы алғашқы арпалыстан бір көрініс ...1942 жылдың көктемі. Сталинградты азат еткен 13 мың әскер оңтүстік майданға бет алды. Астрахань түбінде жаудың атты әскерімен бетпе-бет ұрыс басталды. Айқас ұзаққа созылды. Екі жақта да адам шығыны көп болды. Дегенмен аттыларды жаяу жауынгерлер жусатып салды. Бір жарым тәулік ішінде немістің үлкен бекінісі бұзылып, кеңес жауынгерлері қалмақ АССР жерін фашистерден азат етті.

Таганрог түбіндегі айқастан тағы бір көрініс елестететейік. Екі жарым сағатқа созылған ұрыстан шаршаған солдаттар енді демала бастағаны осы еді. Тыныстаған жері биік дөңес болатын. Бұл жерден айнала жау бекінісі анық көрінетін. Кенеттен:

– Жолдас сержант, тұрыңыз, – деген өктем дауыс шықты.

– Бұл аға лейтенант Снездин. Қарандап, немістердің төбесі көрінеді, бақылап, сосын баяндаңыз.

Қасекең дереу дүрбі салды. Бақса фриц-тер бір жерге шоғырланып жатыр екен. Мотоциклге мінген немістер топ-топ болып келе жатыр. Танк те көрінеді. көбі бастарына қызыл орамал байлап алған. Сол күні сегізінші наурыз болатын. Мұнысы бізді мазақтағаны. Қасекеңді ашу буды.

– Көрсетемін, сендерге... мазақтағанды, – деп Ыбыраев жау күшін барлап алды да полк командирі Пустовогпен хабарласты. Командир жедел бұйрық берді:

– Олай болса... Жолдас Ыбыраев жеделдетіп мазақ еткендерге закускалық бірнеше «қияр» жіберіңіз.

Бұйрық орындалды. Іле төрт зеңбіректен немістер шоғырланған нүктеге бірнеше дүркін ауыр снарядтар зымырай жөнелді. Әпсәтте жаудың 70 солдаты оққа ұшып, бірнеше танкасы мен ауыр жүк машиналары отқа оранып, күлі көкке ұшты. Осы жолғы қырағылығы мен ерлігі үшін Қасымбек Ыбыраев «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталып, әскери шені де өсті.

Бірде совхоздағы немістердің үстінен түскен қызыл әскерлерді намыс қысып, түнделетіп шабуылға көшті. Совхозды жау қоршауынан азат етуге бекінді. Қасымбек қарауындағы артиллеристерді түгел жинады да жау күшін сараптау үшін барлаушылар бөлді. Өз күштерін де сараптап, командалық пунктті қолайлы жерге орналастырды. Сосын фашистер тыныстап, тойлап жатқан нүктелерге артиллериядан снарядты жаудырды әкеп. «Жеңістерін» тойлап жатқан жаудың басына ақырзаман орнады. Баржоғы бір жарым сағатта совхоз жері жаудан азат болды. Жүздеген жау жер жастанды. Қасымбек бастаған жауынгерлер тағы да жоғары награда алды.

Иә, біздің әңгімемізге кейіпкер болған Қасымбек Ыбыраевтың ғұмырнамасы ерлікке толы аңыз адам. Оны Сыр өңірінің халқы екі майданның ері деп біледі. Расында солай. Шәкірт тәрбиеледі, ерлігіне «Еңбек Қызы Ту» ордені бастаған марапаттары, майдандағы «Қызыл жұлдыз» бастап тұрған 17 наградалары мен әскери капитан шені айғақ.

Қысқасы, Қасекең екі дүниесі абат адам. Артында шипалы қолды дәрігер атанған Мира мен әке жолын қуып облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары сияқты биік лауазымды қызмет атқарған, қазіргі белгілі кәсіпкер Асылбек секілді, т.б, ұлқыздары, ондаған немере, шөбелері, іні, қарындастары бар. Елі, халқы, шәкірттері марқұмның аруағын әркез ұлықтап отырады. Майдангер ұстаздың тоқсан жылдық, ғасырлық мерейтойлары өзгелерге тәлім боларлық деңгейде аталып өтті. Артында бар оңалар деген осы!

Өтеген ЖАППАРХАН,
Қазыбек БОТАЕВ.
Қызылорда.

ЖЕҢІС КӨКТЕМІНІҢ КҮӘГЕРІ

Ұлы Отан соғысының төрткүл әлемді жалмап жанған өрті өшкеніне 70 жыл уақыт өтсе де, жүрекке түскен жарақат жазылар емес. Сойқан соғысты халық ұмыта алмайды. Өйткені, соғыс қасіреті барлық отбасын шарпыды. Қан майданда от кешкендердің қатарында жерлесіміз Қани Медетбаев та болды. Жеңіс көктемін Берлинде қарсы алған майдангер тағы екі жыл әскери қызметте болды.

Қазалы ауданына қарасты №3 ауылда шаруа отбасында дүниеге келген Қ.Медетбаев соғыс өрті тұтанғанда Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып жүрген еді. Бұл елдегі ер-азаматтардың бәрі жаппай Отан қорғауға аттанып жатқан қиын-қыстау кез. Ол 1942 жылдың 1 қаңтары күні әскерге шақырылып, Қызылордадан Отан қорғауға алынды. Бағыт – Батыс емес, оңтүстік еді. Осы тұста еліміздің жүрегі Мәскеу мен оның түбіндегі қалаларды дұшпаннан қорғау үшін қанды шайқастар жүріп жатқан-ды. Алайда бұларды Ташкенттке әкеп, әуелі бір айлық дайындықтан өткізеді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап байтақ Отанымыздың барлық жерінде әскери құрамалар мен бөлімдер құрылды. Өзбекстанда жасақталған атқыштар полкі 1942 жылдың ақпанында батысқа жол тартты. Өрімдей жас жігіттерді Мәскеу түбінде жүріп жатқан алапат ұрысқа әкеп салды. Өлім мен өмір арпалысқан қатерлі күндерді бастан кешкен жас жауынгер алғаш рет қанды шайқасқа куә болды. Кейін Смоленскіні жаудан тазартудағы ұрысты басынан кешіреді. Осы тұста қатарында мыңдаған қазақстандықтар болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізгенін айта кенкеніміз жөн. Мысалы, соғыс жылдары Орта Азия елдерінен өзге елімізде 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майдан даласына аттандырылған. Әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Ең ірі шайқас орын алған Ржев және Сталинград қалаларын қорғауда біздің жерлестеріміз ерекше ерлік көрсетеді.

Жас жауынгер кейін әйгілі Ленинградты азат етуге қатысады. Кейіннен Белоруссия майданыныда болып, көптеген қалаларды фашистерден тазартудағы ұрыстарға қатысты. Еуропа халықтарын фашистік

езгіден азат ету шайқастарының ортасында жүріп, жеңіс мерекесін Берлинде қарсы алды.

Сол сұрапыл соғыста шығын да аз болмады. Командирге қарағанда солдат шығыны анағұрлым көп болатыны белгілі. Взводтағы солдаттар бірнеше қайта жаңарды, солармен жүрген қатардағы жауынгер Қ.Медетбаев тағдырдың жазуы шығар, 1947 жылы елге дін аман оралды. Отан алдындағы парызын өтеп келген жауынгер бейбіт өмірде арнайы форма киіп, тағы әскери жұмыс атқарыпты. Бұл кезде соғыстан қайтқан ауыр техникаларды Орта Азия мен Қазақстанға темір жол арқылы тасымалдау жүріп жатты. Яғни, бұл осы өңірлердегі әскери округтерді жабдықтау кезеңі болатын. Қазалы әскерилендірілген күзет мекемесіне жұмысқа орналасқан майдангер осындай күрделі жұмыстың басқасында жүрді. Сол тұста станциядан тәулігіне 80-90-ға дейін ауыр жүк поездары өтетін. Бұл соларды түпкілікті орнына жеткізілуіне әскериленген кондуктор есебінде тікелей жауапты еді. Күні-түні жүріп, Ақтөбенің Шалқары мен Түркістан аралығын жол қылды. Тіпті осы жауапты жұмыста жүріп жарақат та алды. Екі тілде сауатты, алғыр маман аталған мекеме басшысынан 5 мәрте Алғыс хат, бірнеше мәрте бағалы сыйлықтар алып, абыроймен еңбек етті.

Қ.Медетбаев Берлин қаласын жаудан тазартудағы ерлігі үшін «Берлинді алғаны үшін», 1954 жылы, бейбіт заманда «Ерлігі үшін» медальдарымен, ал 1969 жылы «Жеңістің 20 жылдығы» және «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» медальдарымен марапатталған.

Елге оралысымен шаңырақ көтерген майдангер жұбайы Орынбасар екеуі отбасында 5 ұл және 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінгі таңда олардың ұл-қыздары еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы, аянбай еңбек етіп жүр. Ал, осы әулеттен тараған ұрпақтан 23 немере мен 21 шөбере бар. Олар майдангер атасы мен батыр әжесін мақтаныш етеді.

Ширек ғасырға жуық Қазалы әскерилендірілген күзет мекемесінде қызмет істеген Қ.Медетбаев соғыстан алған жарақаты, яки II топтағы мүгедектігіне байланысты 1971 жылы зейнеткерлікке шықты. Үш жылдан кейін жұмыс бабында алған жарақаты асқынып, ауыр науқастан қайтыс болады. Отанымызды жаудан қорғап, сұм соғысты Берлинде аяқтаған ардагер атаның ұрпақтары жеңіс көктемін жыл сайын асыға күтеді.

– Әкем соғыста көрген қиындықтары туралы айтқан емес. Өзі атадан үш ағайынды болатын: Нұржамал, Молдағали және Қани. Молдағали әкеміз соғысқа аттанып, Жеңісті Берлинде қарсы алған майдангер. Кейін Польшада, Алматыда әскери қызметте болған. Елге 1955 жылы оралып, апасы мен інісі Қанимен табысады. Соғыс ардагері, запастағы майор М.Медетбаев 1981 жылы қайтыс болды. Бауырлар өмірлерінің соңына дейін аудан орталығында бірге тұрды. Қазір олардың ұлқыздары, немере-шөберелері сол кісілердің атына жазылып, елге қызмет етуде. Бүгінде ардагер әкелерінің көзін көрген замандастұстастары сиреп барады. Жеңіс күні жас ұрпақ ерлікке бас иіп, қан майданда от кешкен батырларға тағзым етеді, – дейді майдангердің кенже ұлы Әділбай Медетбаев.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

“ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗДЫ” ЖАУЫНГЕР

Ұлы Отан соғысы кезінде еліміздің көптеген азаматтар ел үшін, жер үшін оқ пен оттың ортасына аттанды. Деректерге сүйенсек, біздің облысымыздан майданға 150 мыңнан астам адам аттанған болса, соның 30 мыңы елге оралмаған екен. Олардың өшпес ерлігі, батырлығы, қанмен келген жеңіс туының желбіреуіне үлкен үлес қосқан, омырауларын оққа төсеген майдангер бабаларымыз жайлы қанша айтып толғансақ та, қанша жырласақ та артық болмас. Үлкен ерлік иегерлері алдында біздер, олардың ұрпақтары зор құрметпен басымызды иеміз.

Алда келе жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Отан үшін от кешкен өзімнің майдангер атам Жанаев Жанғазы Молдабергенұлы жайлы жазуды перзенттік борышым деп білемін.

Атам Жанаев Жанғазы 1920 жылы Арал топырағында дүниеге келген. 1937 жылы Арал қаласындағы ФЗУ-да оқып, өз қатарларының алды болып жүрді. 1939 жылы Кеме жөндеу зауытына жұмысқа кіреді. Адамзат тарихына зұлмат ауырлық ала келген Ұлы Отан соғысы басталғанда тепсе темір үзетін 21 жастағы жігіт болатын. Жалындаған жастығын майдан даласына алмастырған ерлердің арасында Жанғазы атам да жүрді. 1942 жылдың наурыз айынан 1945 жылдың желтоқсанына дейін екінші гвардиялық артиллерия дивизиясының зенитшісі ретінде жау екпініне тойтарыс берген. Сталинград, Белоруссия майдандарында ерлік көрсетіп, Варшава, Берлин қалаларын азат етуге қатысып, жеңіс туын жау елінде желбіреткен жауынгер еді. Майдан даласындағы кезекті бір ауыр шайқаста жау оғы жүрек тұсына қадалып, ауыр жарақат алған.

Соғыс аяқталып, елде бейбіт уақыт орнағанда, 1946 жылы туған жерге оралады. Елге келіп, Одаққа мәлім болған Арал кеме жөндеу зауытына қайта орналасып, өмірінің соңына дейін сол зауыттың білікті электригі болып абыройлы жұмыс жасаған атам ауданның дамуына, энергетика саласының өркендеуіне өз үлесін қосқан жан.

Отанға адал қызмет етіп, майданда көрсеткен асқан ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» ордені, «Варшаваны азат ету үшін», «Берлинді азат ету үшін», «Ұлы Отан соғысында Германиямен жеңісі үшін», «Еңбек ардагері», тағы басқа бірнеше медальдары және төсбелгілерімен марапатталды.

1981 жылдың 61-де кенеттен дүние салған Жанғазы атам қажырлы да, қайратты Алтын әжем екеуі 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінгі күнге мәуелі ағаштың жапырағындай жайылып, балаларынан өрілген ақсақалдың ұрпағы 16 немере, 19 шөбере өсіп-өніп, егемен еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Атамыздың өмір жолы, жасаған ерліктері ұрпақтары үшін әрдайым үлгі, әрі мақтаныш.

Имат ҚУАНЫШЕВ.
Қызылорда қаласы.

ЖАЙСАҢ ЖАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСКЕН

Халқымыздың тарихында талай сұрапыл күндер, қиын кезеңдер өткен. Кеңестік билік орнағаннан бастап ел ішінде құғын-сүргін, ашаршылық, жауырды жаба тоқу секілді сұрқия саясат жүзеге асып жатты. Жер-жердегі ауқатты адамдардың бар мал-мүлкін тартып алып, өкіметке өткізудің арты ашаршылыққа ұласты. Одан кейінгі жылдарда майдан даласында қас дұшпанға қарсы қару көтеріп, елдің тыныштығы үшін аянбай шайқасқа түсті. Менің атам – Әшірбек Смайыловтың жастық шағы осы бір ауыр кезеңге тұспа-тұс келген екен.

Атамның әкесі Смайыл баласының есепке жүйріктігін байқап, жағдайдың қиындығына қарамастан сауат ашып, білім алуына жағдай жасайды. Есепшінің бірнеше курсын бітірген атамыз өз саласының нағыз маманына айналады. Сөйтіп жаңадан құрылған колхозда есепші қызметін атқарып жүргенде, Қырғызстанға жұмысқа шақырылады. Арнайы шақыртумен барған ол қырғыз елінде бес-алты жыл қызмет жасайды. Айыр қалпақтыларға бауыр басып кеткені соншалық анамыз Дәмегүл қырғыздың халық әндерін нақышына салып керемет орындаған. Қайтып келген соң атамыз Шиелі ауданындағы бірнеше ауылда бухгалтер болып жұмыс істейді. Әшірбек атамыз болмысынан аз сөйлеп, көп жұмыс істейтін, көпші, өз ісіне аса жауапкершіліктен қарайтын, білімді әрі білікті маман болған.

Қызылорданың Қазақстан астанасы болған жылдары қазақ зиялыларының көпшілігі Сыр бойына келіп, қызмет етеді. Солардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Бірде ел ардақтысы Иманжүсіп туған жерге ат басын бұрады. Ол кезде ат-көліктің қат заманы. Елге келген азаматты құрметтеп күту біздің атамызға жүктелінпті. Өйткені сол кезде ат арба мен пәуеске біздің атамыз Әшірбекте болса керек. Иманжүсіп, Сәкендерді пәуескесімен күтіп алып, елді аралатып, туған жердің тамаша табиғатында әңгіме-дүкен құрып, батасын алған көрінеді. Бұл туралы Иманжүсіп туралы естеліктер жинағында айтылады.

Қазіргі ауылға есімі берілген қоғам қайраткері Шеген Қодаманов сол кездегі Гурьев облысының атқару комитетінің хатшылығынан, министрлікке ауысқан тұсында «билікке қарсы» деп танылып, қамауға алынады. Сұрқия саясаттың кесірінен қуғындалған Шегеннің отбасы бас сауғалап, Тартоғайға жетеді. Сол жерді паналап жүргенде, отағасынан «сендерді елге жеткізетін бірден-бір

адам – Әшірбек» деген хат келеді. Біреулер арқылы жеткен аманат хабарды естіген Әшірбек арнайы ат арба жіберіп, Қодамановтың бала-шағасын ағайынның ортасына алдыртып, оларға қамқорлық көрсеткен. Елге қайтқан соң да Шеген мен Әшірбектің достығы құдалыққа ұласып, біздің апамыз Күлпәріні баласы Әрнестке айтырады. Бұл туралы қазіргі ауыл ақсақалы Тельман Қодаманов үлкен толғаныспен еске алады. Атамыз шаңырақтағы бар шаруашылықты ағасы Әлмаханға тапсырған. Інісі тапқан табысты ағайынға бірдей бөліп, барлығы бір қазаннан ас ішкен.

Ұлы Отан соғысы Қазақстан халқының есінде ауыр қасіретті жылдар ретінде қалды. Ашаршылықта қиналғанға демеу, жұдеп-жадағанға көмек берген Әшірбек атамыз соғыс басталысымен қан майданға аттанады. Алғашында барлау қызметінде, одан кейін К.К.Рокоссовский басқарған кавалерия корпусында болып, жаумен шайқасты. Сол шайқаста ауыр жараланып, госпитальға түсіп, 1942 жылы елге қайтады.

Елге оралған соң, қайтадан бухгалтерлік қызметіне кірісіп, шамамен 1943-1944 жылдары өзі жинаған 100 мың сом қаржыны майданға көмек ретінде жіберген. Сол кездегі есепшілер Әшірбек атамыз жөнелткен қаржыны түні бойы санап, қапқа салған екен. Көп уақыт өтпей-ақ Сталиннен алғыс хат келіп, қаржыны танк жасауға аударғанын мәлімдеген.

Соғыстан кейінгі жылдары ел ішінде түрлі қатерлі ісік ауруларының енді шығып жатқан шағы. Әшірбек атамыз 1952 жылы ауыр науқасқа шалдығады. Дәрігер мамандардың тапшы тұсында атамызды ағайындары Ташкентке апарып, емші-молдаларға көрсеткен. Көп ұзамай қатерлі ісіктен көз жұмады. Бір қауым елді асырап отырған атамыздың қазасы отбасына ғана емес, ауыл-аймаққа ауыр тиген көрінеді. Қырық күн бойы жолдасын жоқтаған аяулы жар Дәмегүлдің зарлы үнімен бүкіл ауыл түнлігін түрген екен.

Әшірбек атамыздың соңында қалған Күлпәрі, Шайтмағанбет, Күлшәрі, Қалмағанбет талай қиындықпен жетілгендерін айтады. Жеті жасында әкеден айырылған Шайтмағанбет әкесі кеткен соң, жоқшылық зардабын тартыпты, анасы Дәмегүлге ілесіп, көмір базасында, тағы басқа да ауыр жұмысқа жегілген. Атамыз көз жұмар сәтінде жары Дәмегүлге балаларын оқытуды тапсырыпты. Сол аманатты Дәмегүл анамыз абыроймен орындаған. Қызы – Күлпәрі М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, ұлы – Шайтмағанбет Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын тәмамдаған. Институт бітіре салып, ауылға келіп еңбек етіп, Шиелі ауданындағы «Төңкеріс» колхозында еңбек етті, бас инженер болып қызмет атқарды. Кеңестік билік тұсында облыстық кеңестің депутаты болып сайланды.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

ЕРЛІГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН

Адамзат баласына қайғы-қасірет алып келген соғыс салған жара жазылар емес... Елін жаудан қорғаған батырлар кез келген құрметке лайық. Ең өкініштісі, жыл өткен сайын олардың қатары сиреп барады.

Әнтай Құланбаев 1912 жылдың мамыр айында Қармақшы ауданы, бұрынғы Дауылкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын 1930 жылы колхозшы болып бастайды. Ісіне деген аса жауапкершілігін байқаған оны 1936-1942 жылдары «Томарбөгет» колхозында есепші болып орналастырады. Алайда, бұл кезде соғыс басталып кеткен болатын. Елдің басына ауыр күн туып, еркек кіндіктілердің барлығы майданға аттанып жатты. Ауылда тек бала-шаға мен әйелдер және еңбекке жарамсыз қарт кісілер ғана қалды. Оларға да артылған жүк салмақты еді. Сол Отаны, жері үшін майдан даласына ұрандап аттанғандардың қатарында Әнтай да болды. Жаумен қиян-кескі ұрыста жас жауынгер талай ауыр жарақат алды. Қарша бораған оққа қарамастан жер бауырлап солдаттарға жол ашып, алдыңғы шепте қашықтықтан көздеп ататын қаруды басқарды. Талай фашистің көзін жойып, ерлігімен көзге түсті. Ұрыс кезінде өзіне тапсырылған тапсырманы тыңғылықты орындады. Осы ерліктерін ескерген басшылық оны талай марапатқа ұсынады. Әсіресе, Украинада Днепр өзенін немістерден азат ету кезінде көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Соғыс даласында қаншама жауынгер ерлікпен қаза тапты. Мүгедек атанып, балдаққа сүйеніп келгендер санында да шек болмады. Қуаныштысы, бұлардың қатарында елге 1945 жылы оралған Әнтай ата да бар еді.

Ауыр жарақат алғанымен, елге келгеннен соң еңбекке қайта кірісіп кетті. 1946-1955 жылдары колхоздардың бастауыш партия ұйымының хатшысы, Дауылкөл ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, Ленин атындағы совхоздың ферма басқарушысы, директордың орынбасары, егіншілік бөлімінің басқарушысы, өндіріс бригадирі секілді басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. 1972 жылы еңбек демалысына шыққаннан кейін де шаруашылықтың түрлі саласында жұмысын жалғастырды. Сөйтіп, ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеруге септігін тигізеді.

Әнтай ата тек батыр, батыл басшы ретінде ғана емес қамқор отағасы ретінде де балаларына үлгі бола білді. Отасқан жарымен 3 қыз,3 ұл тәрбиелеп өсірді. Оларды оқытты, қызын қияға, ұлын ұяға қондырды. Немере, шөбере сүйді. Асыл қасиет әке арқылы дарыған балалары да бүгінде жоғары лауазымды қызметтер атқарып, әке жолын жалғауда.

1983 жылдың көктемінде жауынгер қарт өмірден озды. Көзі кеткенмен, ерлігі мен өшпес еңбегі кейінгі буын өкілдеріне үлгі, мол мұра болып қалды. Батырдың жасаған ерлігі тарих бетінде мәңгі өшпес қазынаға айналды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

Асыл аға бейнесі мәңгі сағыныш

Биыл жер әлемді жалмаған сұм соғыс аждаһаның отты аузын бітеген Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Кеңес жауынгерлерінің ержүректігі басқыншыл фашистерді жерменжексен етті. Қанқұйлы соғыс біздің отбасымызды айналып өтпеді. Жар деген жалғыз ағам Кәрібаев Отауша осы соғыста ерлікпен қаза тапты.

1914 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының (бұрынғы) №3 ауылдық кеңесінде туған, жоғары білімді ағам 1938 жылы оқуын бітіргесін, жолдамамен Арал ауданы, Ақирек ауылдық орта мектебінің директоры болып қызметке тұрады. Сол жылдары көзкөрген, Ахмет Жалмағамбетов, Есекеев, Әуезхан Бағыспаев деген азаматтар да ағаммен бірге қызмет істеді.

1941 жылы соғыс басталғанда әкеміз 70-те, шешесі 60-та, мен, қарындасы, 11 жаста едім. Осыны ескерді ме, ағамды әскерге шақырудан 1 жылға кейінге шегерді. Ал, 1942 жылы 22 маусымда ол көппен бірге майданға аттанды. Саратов облысынан Тодский қаласында офицерлер әзірлейтін курсқа оқуға қабылданды.

Оқуды бітіргеннен кейін 1943 жылы желтоқсанда майданға аттанды. 63 АД, 226 АП құрамында атқыштар ротасының командирі шенінде Мәскеуді қорғау шайқасына тікелей қатысады. Атақты Волоколам тас жолы шайқасында ерлікпен көзге түседі. 1944 жылы қазанда Литва ССР, Шакляй ауданының орталығын жаудан азат ету шайқасында тікелей өз ротасын басқара жүріп, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталады. Шакляй ауданындағы Синтаутай деревнясын жаудан азат ету шайқасында асыл ағам ерлікпен қаза табады.

Ағам қан майданда толарсақтан қар кешіп жүр ғой деп, қарт әке-шешем шұлық-қолғап тоқып, майданға жіберетінбіз. Сол жылдары сауып отырған биемізді соғысқа алып кетіп бір жарым жылдан кейін оны қайтарып әкелді. Бізді мақтап, маршал мінген ат деп, құйрық-жалы қырқылған атты әкеліп бергені әлі есімде. Сонда әкем марқұм, «мен Отаушаға құдайыға берген едім» деп жылап, атты сойып, етін ауылға таратып жіберген еді.

Бүгінде асыл ағамды қанша жыл өтсе де сағынышпен еске аламын. Тірі болғанда ел билейтін тұлға болар еді. Өйткені мінезі есілген, жұмысқа адал ағам үйленіп, отбасын құруға мүмкіндік болмай есіл боздақ тұяқсыз кетті. Пейіште нұрын шалқысын асыл аға! Сізді, әрдайым еске алып, құран бағыштайтын боламыз!

Қарындасы Кәрібаева-Майлыбаева Ұлжан.
Алматы қаласы.

ЖОБА

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ РЕГЛАМЕНТТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

«Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес;

«Жобалау қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес;

«Құрылыс-монтаж жұмыстарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес;

«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжиниринг көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Әлібаевқа жүктелсін.

3.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №276 бұйрығы қолданысқа енгізілгенген бұрын емес.

Қызылорда облысының әкімі **Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» сәуірдегі № ___ қаулысымен бекітілген

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) Қызылорда облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы, оның бөлімдері мен бөлімшелері (бұдан әрі – Орталық);

2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі –іздестіру қызметіне лицензияны беру, лицензияны қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқасын беру (бұдан әрі – лицензия)немесе дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға қағаз жүгіртіуге өтініш берген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қуландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Көрсетілетін қызметті алушының өтінішімен немесе көрсетілетін қызметті алушының электрондық сауалы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың)мазмұны, оларды орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері электрлік көрсетілетін қызметті алушылардан тікелей портал немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесі (ақпараттық жүйе) оралықтары арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған сұрауды (бұдан әрі – сауал) түскен күні тіркеуі.

Өтініш қағаз жеткізгіште түскен жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қағаз жеткізгіште ұсынылған материалдардың сканерлеуін өткізіледі конвертілемейін бірге өтінішті ақпараттық жүйеде тіркейді (15 минуттан аспайды);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын екі жұмыс күні ішінде тексеруі, ұсынылғанқұжаттар толық болмаған жағдайда сұрауды одан әрі қараудан бас тартуы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті қызметкерінің (қызметкерлерінің) ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, лицензияны беру, заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеу және санатты қоса бере отырып қайта ресімдеу кезде лицензиялық бақылауды тоғыз жұмыс күнінің ішінде жүзеге асыруы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті қызметкерінің (қызметкерлерінің) ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, лицензияның техникалық сәулеті (бар болғанда), жеке көсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атағы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгергенкезінде қайта ресімдеу үшін лицензиялық бақылауды бір жұмыс күнінің ішінде жүзеге асыруы;

5) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті қызметкерінің осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылған лицензиялық бақылаудың нәтижелері бойынша қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) дайындауы және оны лицензиялық комиссияның отырысына бір жұмыс күнінің ішінде дайындауы;

6) лицензиялық комиссияның қызметті берушінің жауапты қызметкерлерін (қызметкерлерін) қорытындысын біліктілік талаптарға сәйкестігін біржұмыс күнінің ішінде қарауы;

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының лицензиялау комиссиясының хаттамасын қызметті беруші басшысына бекіту үшін бір жұмыс күнінің ішінде жіберуі;

8) көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен лицензиялау комиссия-ның хаттамасын түскен күні бекітуі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) өтінімді тіркеу және ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру үшін жауапты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) лицензиялық бақылауды жүргізу үшін жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті қызметкері;

3) түскен өтінімді көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау комиссиясының отырысында қарау және дайындау үшін жауапты көрсетілетін қызметті алушының уәкілеті қызметкері;

4) көрсетілетін қызметті берушінің лицензиялау комиссиясы;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

9. Әрбір іс-қимылдың (рәсімдердің) өтуіндегі әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі сипаттамасының блок-схемасы осы регламенттің 3 қосымшасында келтірілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы, соның-ымен қатар өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) халыққа қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 5 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуін бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде орталықтан және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйені пайдалану тәртібінің сипаттамасы

11. Қызметті Орталық арқылы көрсету кезіндегі көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының әрекеттерінің кезектілігі мен жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) портал арқылы сауал түскен күннің ішінде (бір жұмыс күні ішінде);

2) Орталық қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не оның сенімхат бойынша өкіліне) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді, қолхатта:

сұраныстың қабылдау нөмірі мен күні;

сұраныстағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

құжаттарды беру күні (уақыты) және орны;

құжаттарды ресімдеуге арналған өтінішті қабылдаған Орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының (не оның сенімхат бойынша өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты, және олардың байланыс телефондары көрсетілді, көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Орталық қызметкері құжаттары қабылдаудан бас тартады және стандарттың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

Орталық қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан егер Қазақстан Республикасының заңдарымен басқасы көзделмесе, Орталық ұсынған нысан бойынша ақпараттық жүйелерде қамтылатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім алады.

3) Орталықтың жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге қайта жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

4) құжаттар қабылданғанан кейін мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы осы регламенттің 6-тармағының 2-8 тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады:

5) кеңсе қызметкері лицензияны немесе бас тартуды тіркейді және Орталыққа жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

6) Орталық қызметкері лицензияны немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не оның сенімхат бойынша өкіліне) береді (он бес минуттан аспайды).

12. Қызметті портал арқылы көрсету кезіндегі көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының әрекеттерінің кезектілігі мен жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) портал тіркелуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен қуландырылған өтініш пен стандартқы 9-тармағына сәйкес құжаттарды жолдайды;

2) қызмет берушінің кеңсе қызметкері электрондық өтініш пен құжаттарды қабылдайды, көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) «жеке кабинетіне» құжаттардың қабылданғаны туралы және қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама-есеп жолданады (он бес минуттан аспайды);

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және Орталықтың басшылары (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапкершілікте болады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

15. Қызмет көрсету жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ, онын сапасын бағалау (оның ішінде шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі: 8(7242) 23-02-16, бірыңғай байланыс оралығы (1414).

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

НЫСАН

Жүзеге асырылған лицензиялық бақылаудың нәтижелері бойынша қорытынды

1. Заңды тұлғаның атауы және мекен-жайы:
мемлекеттік тілде: _____
орыс тілінде: _____
заңды мекенжайы, телефон нөмірі: _____
директордың Т.Ә.А.: _____
өндірістік базаның мекенжайы: _____
филиалдар, өкілеттіктер: _____
2. Қоспорынның (ұйымның) құрылымдық-құқықтық нысаны:
_____
(қосіпкерлік субъектісін көрсету, басқа нысандар)
3. Тіркеу құжаттарының атауы:
4. Лицензиат ретінде жұмыс тәжірибесінің болуы (қажет болған жағдайда): _____
_____
(лицензиат ретінде қызмет мерзімі)
5. Мамандар құрамы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
6. Іске асырылған объектілердің болуы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
7. Пікірлердің болуы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
8. Пікірлерді тексеру нәтижесі (қажет болған жағдайда):
_____
(расталды, расталған жоқ)
9. Іске асырылған объектілер бойынша құжаттамалық расталуы (объектіні іске қосу туралы қол қойылған актілерінің көшірмелері немесе орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелері):
_____
_____
(расталды, расталған жоқ)
10. Сұрау салынған лицензиаланатын қызмет түрінің кіші қызмет түрлерімен айналысу үшін мынадай өндірістік база бар:
_____
(жекеменшік, шаруашылық жүргізу, жалға алу құқығында)
11. Сұрау салынған лицензиаланатын қызмет түрінің кіші қызмет түрлерімен айналысу үшін мынадай жекеменшік (шаруашылық жүргізу немесе жалға алу) және /немесе жалға алу құқығында материалды-техникалық қамсыздандырылу бар:
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
13. Сапаны бақылау бойынша ереже: _____
_____
(бар, жоқ)
14. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі:
_____
(бар, жоқ)
15. Құжаттарды қарау нәтижесінде өтініш беруші (лицензиат):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)

Қорытынды ұсынылған құжаттар негізінде берілді (лицензия болған жағдайда – маманның өндірістік базаға (объектіге) баруы), ақпараттың сәйкестігін және нақтылығын растаймыз.

ЕСКЕРТПЕ:

Лицензиялау бөлімінің маманы _____ (Т.А.Ә.)

Лицензиялау бөлімінің басшысы_____ (Т.А.Ә.)

Лицензиаттың өкілі _____ (Т.А.Ә.)

М.О.

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) реттілігі мен ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) сипаттамасы

1	Іс-әрекеттердің (барысы, жұмыстар ағымы) нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Қызметті берушінің уәкілеті қызметкері	Қызметті берушінің уәкілеті қызметкері	Лицензиялық комиссия	Қызметті берушінің уәкілеті қызметкері	Қызметті берушінің басшысы	Қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Орталық қызметкері	
3	Іс-әрекеттердің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	портал немесе орталықтары арқылы түскен сұрауды тіркеу	Ұсынылған құжаттарды толықтығын тексереді	Лицензиялық бақылауды жүргізеді	Жүргізілген лицензиялық бақылаудың нәтижесі бойынша қорытындыны дайындайды	лицензиялық комиссияның қызметті берушінің жауапты қызметкерлерін) қорытындысын біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау	лицензиялық комиссия отырысының хаттамасын дайындау	лицензиялық комиссия отырысының хаттамасын бекіту үшін қызметті берушінің басшысына жолдау	Бұйрықты тіркейді	мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін тіркейді
4	Анықталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-әкімшілік шешім)	Кіріс номерді беру	Құжаттарды қызметті берушінің уәкілеті қызметкеріне жолдайды	Лицензиялық бақылаудың нәтижесі бойынша қорытындының жобасын дайындайды	Қорытындыны лицензиялық комиссияның қарауына жолдайды	лицензиялық комиссия отырысының хаттамасы	бұйрықты қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) «жеке кабинетіне» немесе Орталыққа жолдайды	мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) табыстайды	
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан аспайды	2 жұмыс күні ішінде	9 жұмыс күні ішінде	1 жұмыс күні ішінде	1 жұмыс күні ішінде	1 жұмыс күні ішінде	1 жұмыс күні ішінде	15 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 3-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігі сипаттамасының өту блок-схемасы

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның өкілі Орталық немесе Портал арқылы жүгінген кезде



«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 4-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

«Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы
Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру
(мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы)



ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы;
Портал – «электрондықүкімет» порталы (www.egov.kz) немесе «Е-лицензиялау» порталы (www.elicense.kz);
Көрсетілетін қызмет берушінің қызметкері – құжаттарынқабылдаушы, құжаттарды тіркеуші, Лицензиялық бақылауды және лицензиялау комиссиясын отырысына құжаттарын дайындаушы жүзеге асыратын көрсетілетін қызмет берушінің қызметкері
Көрсетілетін қызмет берушінің лицензиялау комиссиясы – лицензиялық бақылаудың нәтижелерін және көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастыратын лицензиялау комиссия;
Көрсетілетін қызмет берушінің басшысы – Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» сәуірдегі № ___ қаулысымен бекітілген

«Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) Қызылорда облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы, оның бөлімдері мен бөлімшелері (бұдан әрі – Орталық);

2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі –жобалау қызметіне лицензияны беру, лицензияны қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқасын беру (бұдан әрі – лицензия)немесе дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға қағаз жүгіртіуге өтініш берген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» құжаттардың қабылданғаны туралы және қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама-есеп жолданады (он бес минуттан аспайды);

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және Орталықтың басшылары (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапкершілікте болады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

15. Қызмет көрсету жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ, онын сапасын бағалау (оның ішінде шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі: 8(7242) 23-02-16, бірыңғай байланыс оралығы (1414).

«Жобалауқызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

НЫСАН

Жүзеге асырылған лицензиялық бақылаудың нәтижелері бойынша қорытынды

1. Заңды тұлғаның атауы және мекен-жайы:
мемлекеттік тілде: _____
орыс тілінде: _____
заңды мекенжайы, телефон нөмірі: _____
директордың Т.Ә.А.: _____
өндірістік базаның мекенжайы: _____
филиалдар, өкілеттіктер: _____
2. Қосіпорынның (ұйымның) құрылымдық-құқықтық нысаны:
_____
(қосіпкерлік субъектісін көрсету, басқа нысандар)
3. Тіркеуқұжаттарынынатауы:
4. Лицензиат ретінде жұмыс тәжірибесінің болуы (қажет болған жағдайда): _____
_____
(лицензиат ретінде қызмет мерзімі)
5. Мамандар құрамы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
6. Іске асырылған объектілердің болуы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
7. Пікірлердің болуы (қажет болған жағдайда):
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
8. Пікірлерді тексеру нәтижесі (қажет болған жағдайда): _____
_____
(расталды, расталған жоқ)
9. Іске асырылған объектілер бойынша құжаттамалық расталуы (объектіні іске қосу туралы қол қойылған актілерінің көшірмелері немесе орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелері):
_____
_____
(расталды, расталғанжоқ)
10. Сұрау салынған лицензиаланатын қызмет түрінің кіші қызмет түрлерімен айналысу үшін мынадай өндірістік база бар:
_____
(жекеменшік, шаруашылық жүргізу, жалға алу құқығында)
11. Сұрау салынған лицензиаланатын қызмет түрінің кіші қызмет түрлерімен айналысу үшін мынадай жекеменшік (шаруашылық жүргізу немесе жалға алу) және /немесе жалға алу құқығында материалды-техникалық қамсыздандырылу бар:
_____
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)
13. Сапаны бақылау бойынша ереже: _____
_____
(бар, жоқ)
14. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі:
_____
(бар, жоқ)
15. Құжаттарды қарау нәтижесінде өтініш беруші (лицензиат):
(біліктілік талаптарға сәйкес келеді, біліктілік талаптарға сәйкес келмейді)

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

D-O-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы негізінде «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Аймақта отбасылық-демографиялық саясатты дамыту» әлеуметтік қызметі аясында «Шаңырақ» клубы өз жұмысын бастағанын хабарлайды.

Клубта психологтармен, дәрігерлермен, кәсіпкерлермен тұрақты кездесулер, ана мен бала денсаулығына, бойжеткен мен жас келіндерге, жас кәсіпкер қыз-келіншектерге арналған кеңес берулер өткізіледі. «Шаңырақ» клубында 2015 жылдың маусым айында «Отбасы бюджетін тиімді қолдану» арнайы курсы, шілдеде қолөнер шеберлігіне үйрету курсы, қазан айында ас әзірлеуді үйрету курсы тегін ұйымдастырылады.

«Шаңырақ» клубының мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №2, «Білім үйінің» 4-қабатында орналасқан.

Байланыс телефондары: 87242 40 05 83, 8705 710 02 07.

ВТБ

Банк ВТБ (Қазақстан) халықтың мерзімді салымдар ашуға қызығушылығы арта түскенін анықтады

Банк ВТБ (Қазақстан) мерзімді салымдары халықтың сұранысына ие болды – оған депозиттік портфельдің тұрақты түрде өсуі және Банкке келушілердің серпіні дәлел бола алады. 2015 жылдың басынан бастап Банк ВТБ (Қазақстан) Контакт-орталығы 58 мыңнан аса клиенттердің қоңырауларын өңдеді, өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда қоңыраулар саны 6% ұлғайған. Контакт-орталық бір айда орта есеппен Қазақстанның барлық жерінен түсетін 20 мыңға жуық қоңырауларды өңдейді.

Банк салымдар талаптарын орналастыру мерзімі мен табыстылығы бөлігінде жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс істеуде. Ақпанның басында клиенттерге арнайы «жылдық +1%» акция ұсынылды, оның аясында «Сберегательный» және «Накопительный» салымдары бойынша қосымша сыйақы есептеледі.

Банк ВТБ (Қазақстан) мерзімді салымдар қатары клиенттердің ақша қаражатын сақтау мерзімінің кең таңдауымен және депозитті толықтыру және ішінара ақша алу мүмкіндігі сынды опциялармен ерекшеленеді. Төмендетілмейтін қалдықтың ыңғайлы сомалары жинақтарды оралымды басқаруға мүмкіндік береді. Қысқа және ұзақ мерзімге орналастырылған салымдар үшін жоғары сыйақы мөлшерлемесі белгіленген.

Бүгінгі таңда Банк өзінің клиенттеріне мынадай салым түрлерін ұсынады: «Сберегательный», «Накопительный», «Щедрый» және «Стабильный», ең жоғарғы тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесі теңгемен 10,5%, АҚШ доллары, евро және ресей рублімен 3%. Барлық салымдар «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сенімді сақтандырылған.

Ресейдегі орасан зор, беделі мен кепілдіктері Ресейдегі қомақты депозиттік портфелімен расталатын ВТБ-ның еншілес Банкі бола отырып, Банк ВТБ (Қазақстан) өз клиенттеріне одан әрі де жоғары халықаралық деңгейдегі тиімді өнімдерін ұсынуды ниет етеді.

Анықтамалық:

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – бұл ірі ресейлік Банк ВТБ ААҚ 100% еншілес банкісі.

ҚР Ұлттық Банкінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №1.2.14/39 лицензиясы.

Банкке Standard & Poor's агенттігінен «BB+»/ деңгейдегі «Жағымсыз» болжам халықаралық рейтингі ұсынылды.

Банк ВТБ және оның еншілес компаниялары Ресей және шетел нарығында өз қызметін жүргізетін халықаралық қаржы тобын түзеді. ВТБ тобы – бұл 20 ТМД, Еуропа және Азия және Африка елдерінде 30-дан астам банк және қаржылық компаниялары бар. ВТБ негізгі акционері – Ресей Федерациясының Үкіметі (60,9%).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «г»; тел.: 8 (7242) 238775, факс 8 (7242) 238775, 235171; электронды пошта мекен-жайы: obch@taxkzil.mgd.kz, moralbaeva@taxkzil.mgd.kz; Экономикалық тергеу қызметінің жедел-тергеу бөлімшелеріндегі бос лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурстық комиссия жұмысының объективтілігі мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін оның отырысында бақылаушылардың қатысуы рұқсат етіледі.

1. Көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы жалған кәсіпкерлікке және заңсыз банкроттауға қарсы іс-қимыл бөлімінің жетекші маманы – тергеуші, (C-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Көлеңкелі экономика саласында, ал нақтырақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған ақша жасау, заңсыз игор, алкогольды өнімдер, мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдерінің бизнесі, жалған кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік пен жалған және қасақана банкроттықпен байланысты ұйымдардың салықтар және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтаруы бойынша құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу; жедел-іздестіру қызметі тәжірибесін қолдануды ұйымдастыру, есепке алу және талдау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

2. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасы қаржы-несие саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу бөлімінің жетекші маманы – тергеуші, (C-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің жедел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

3. Салық және кеден салаларындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасының жетекші маманы - тергеуші, (C-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің жедел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

Құжаттар қабылдау мерзімі - конкурсты өткізу туралы соңғы хабарлама жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні.

Құжаттар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде Адам ресурстары басқармасы персоналмен жұмыс бөлімінде (Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «г» 410-бөлме) қағаз тасымалдағыштары арқылы қабылданады, тел.: 8(7242)238775, факс 8 (7242) 238775, 238848, сондай-ақ, электронды түрде obch@taxkzil.mgd.kz, moralbaeva@taxkzil.mgd.kz электронды пошталары арқылы қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін электрондық пошта арқылы құжаттарын тапсырған азаматтар тестілеу өтуге 1 жұмыс күні қалғанға дейін құжаттарының түпнұсқаларын ұсынады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізілімі:

1) белгіленген үлгіге сәйкес өтініш;

2) белгіленген үлгіге сәйкес кадр есебі бойынша толтырылған жеке парақ;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) білімі туралы құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесі (диплом және оның қосымшасы);

5) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің арнайы ұйымдарында әскери-дайындалған резервін дайындау, сондай-ақ жедел-әскери қызметке шақырудан босату немесе кейінге қалдыру бойынша әскери қызмет немесе әскери дайындықты өткендігін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) 3х4 көлеміндегі фотосурет (4 дана);

7) белгіленген нысан бойынша толтырылған өмірбаян;

8) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

9) сотталмағандығы туралы, бір жыл ішінде сот тәртібімен қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны жөніндегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органының анықтамасы;

10) тұрғылықты мекен-жайы бойынша мемлекеттік кірістер органдарына үміткердің және оның жұбайының жеке мүлік мен табыстары туралы декларацияны ұсынғанын растайтын құжаттар.

Қалауы бойынша білімі мен жұмыс өтілі, кәсіби деңгейі және абыройы туралы қосымша ақпарат ұсынылуы мүмкін (біліктілікті арттыру, ғылыми (академиялық) дәреже және атақтарды иемдену туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жариялымдар және басқа да мәліметтер).

Құжаттар топтамасын толық ұсынбау конкурстық комиссияның оларды қараудан бас тартуына негіз болады.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, 400954, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Белкөл кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (E-G-4 санаты – 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 48047 - 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Кент аумағындағы жеке тұлғалардың салық салынатын жер және мүліктерінің есебін жүргізеді, салықтардың бюджетке уақытылы түсуін қадағалайды;

Мемлекеттік органдармен және жеке азаматтармен жұмыс жасай білуі;

Салық салынатын жерлер мен мүліктерді есепке алады;

Кент аумағындағы жеке тұлғалардың есебін жүргізу;

Меншік иелерін нақтылап отыру;

Салықтан босатылатын тұрғындар категорияларының есебін нақтылау;

Салық төлеуші жеке тұлғаларға уақытылы хабарламалар тарату.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық немесе заңгерлік білім не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалды міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жариялануымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Сыр бойы» және «Қызылординские вести») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**Е-G-4 - сан

● ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

ҮЛКЕН ШАРАҒА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Өткен сенбіде елімізде Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні өтті. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің осы бастамасына орай Жібек жолы, Сұлтан Бейбарыс және Саламатов көшелерінің бойында сенбілік ұйымдастырылды. Аталмыш акцияға облысымыздағы 40-қа жуық мекеме атсалысты. Бұл сенбілікте көше бойындағы арықтар тазартылып, 3000 көшет ағашы отырғызылды.

Былтыр облыс аумағында 10000 түп көшет отырғызылса, биыл 12000 түп көшет егіледі деп жоспарлануда.

– Сенбілікке облысымыздағы мекемелерден 2000-нан астам адам қатысып отыр. Барлығының мақсаты – өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту. Сенбілік аясында егілген көшеттердің 60-70 пайызы шығып жатыр. Ол біз үшін үлкен жетістік, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Серік Ұзақов.

Кенжетай БАЛТАБАЙҰЛЫ.

КӨГАЛДАНДЫРУҒА КӨҢІЛ БӨЛГЕНДЕР

Қазалы ауданының жұртшылығы «Көктемнің бір күні – жылға азық» деген қағиданы әрдайым назарда ұстайды. Осы бағытта аудан көлемінде жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Жалаңтөс батыр ауылында бақ ішінде қаламша тігіп, көшет отырғызып жатқан тұрғындардың қарасы мол. Ауыл әкімінің айтуынша, бүгінге дейін мың жарым түптен астам тал егіліпті.

Нақ осындай көрініс Пірімов ауылында да байқалады. Біз барған мезетте ауыл ішіндегі арықтарда су жатты. Қыруар еңбекті баянды қылуға тырысқан тұрғындардың ауызбіршілігіне сүйсіндік. Мешіт құрылысының төңірегіне, әлеуметтік нысындардың маңына тал егіліпті. Ауыл ішіндегі тазалық, көркейту-көгалдандыру шараларына жұмылғандардың қимылы белсенді.

Басықара елді мекеніндегі сенбілікке 200-ге жуық адам шығыпты. Ауылда «Жеңіс алаңы» ұйымдастырылып жатыр екен. Айбынды стелла айтулы мерекеде іске қосылмақшы. Ауданда қазір елді мекенді көгалдандыру басты назарда тұр. Аяқ суға қажетті насос сақадай сай. Бірнеше күннен соң ауылға аяқ су беріледі деп межеленген.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● МӘДЕНИЕТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖАМБЫЛ ФИЛАРМОНИЯСЫ СЫРҒА ҚОНАҚҚА КЕЛЕДІ

Мәдениет пен өнер саласында өзіндік ойып алар орны мен қолтаңбасы бар, жарты ғасырға жуық халықты әнімен елітіп, жырымен тербетіп жүрген Жамбыл облыстық филармониясы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Таразым – алтын бесігім» атты концертін Сыр елінде өткізбек. Мерейлі жылдың аясында көпшілікке мерекелі көңіл-күй сыйлауды мақсат еткен өнер ұжымы бұған дейін еліміздің бірқатар облыстары мен аудандарында болып, өз өнерлерін паш етіп келеді.

Тәуелсіз еліміздің мәдениетін дамытып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын Жамбыл облыстық филармониясының концерті 27-28 сәуір аралығында облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында өтеді деп күтілуде. Шарада «Балауса» цирк тобы, «Аққербез» ұлттық би ансамблі, «Жамбыл-star» триосы мен әнші Ғани Мәтебаев, Ақмарал Ахметова өнер көрсететін болады. Сондай-ақ, мерекелік кешке аталмыш ұжымның басшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова қатысады. Талғамы биік өнер ұжымының әуелеген әуені мен жан тербетер күйлері көрермен көңілінен шығып, қызылордалықтарға ерекше әсер қалдырары сөзсіз.

М.ОТАРАЛЫ.

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРТУ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні мерекесіне орай "Тағылымды тарту" атты кітапханаға кітап сыйлау акциясын ұйымдастырды.

Кітапхана қорын түрлі құжаттармен толымдау, жастарды оқуға тарту мақсатында ұйымдастырылатын акцияға Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының директоры, ақын Қ.Есімсейітова, жазушы Б.Ұзақбаев, Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, академик М.Матаев, белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, суретшілер мен кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Сонымен қатар акция барысында А.Сопыбеков, М.Матаев, М.Әміреұлы, С.Аңсатов, Ә.Рақымбекұлы, Р.Наурызбаева, С.Жұбатыров, Қ.Зәкіров, Т.Тебегенов, Н.Көбегенұлы секілді қаламгерлер өз туындыларын және жеке кітапханаларынан көптеген құнды кітаптарын сыйға тарту етті.

«КІТАПХАНАДАҒЫ ТҮН -2015» АКЦИЯСЫ ӨТЕДІ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйытқы болуымен 24 сәуір күні «Кітапханадағы түн-2015» акциясы өткізіледі. Акцияның жастар мен оқырмандарға берер тағылымы мол болмақ.

Биылғы акция Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналмақ.

Сонымен қатар, акцияға кез келген оқырман келіп, өзі қалаған шараға қатыса алады. Әрбір бөлімде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Онда қатысушылар өлең оқып, ән шырқап және тегін интернет желісін пайдаланып, көрме тамашалауға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, түрлі тақыптарға байланысты ұйымдастырылған сайыстарға да қатысады. Өзге ұлт өкілдерінің тағамдары қойылған дастарқаннан дәм татып, қызықты би кешіне ұласады.

Кітапхана ұжымы барлық қала тұрғындарын қатысуға шақырады.

С.КЕЙДЕН.

ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕЛ МҰРАСЫ

Тасбөгет кентіндегі "Белгісіз солдат" ескерткішінің маңында "Ескерткіштер – тарих шежіресі" атты әдеби кеш өтті. Аталмыш шара Халықаралық тарихи орындар мен ескерткіштерді қорғау күніне арналып отыр. Шара барысында С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің "Сыр сазы" көркем сөз оқу шеберлерінің өнерпаздары мәнерлеп өлең оқып, ақындар арнау айтты.

– Біз осындай шараларды ұйымдастыру арқылы жастардың тарихымызды тереңірек тануына өз себімізді тигізіп жатырмыз. Кез келген азамат мәдени мұраларымызды қастерлеп сақтауға, құрметтеуге дағдылануы қажет. Бүгінгі шараны өткізуіміздің басты мақсаты осы, – деді кент әкімі Жұмабек Әлиев.

Әдеби кеште "Дарын" ән үйірмесінің жас әншілері патриоттық әндер шырқап, қонақтар рухани азық алғандарын айтып тарқасты.

Кенжетай БАЛТАБАЙҰЛЫ.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Ұлттық спортымыздың көкжиегін кеңейткен дүбірлі доданы, тартысты бозкілем шеберлерінің бәсекесін тамашалайтын сәт туды. Үстіміздегі жылдың 25 сәуір күні "Евразия" спорт кешенінде халқымыздың сан ғасырлық тарихы бар қазақ күресін мемлекеттік деңгейде бұқаралығын арттыру мақсатында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай "Алтын белбеу" сайысының ақтық бәсекесі өткізіледі. Оған Байқоңыр, Қызылорда қалаларынан және аудандардан 9 команда қатысады.

Қазақ күресінен "Түйе палуан" атанған спортшы "Сыр Барысы" атағын иеленіп, оған "Алтын белбеу" тағылады.

Бұл сыннан іріктеліп шыққан спортшылар 5 шілдеде Астана қаласында "Қазақстан барысы" турнирінде ҚР Президенті жүлдесін сарапқа салады.

Жарыс соңында жанкүйерлерге арналған бағалы жүлделер мен ұтыс ойындары ойнатылады. (Лотерея билеті тегін).

Кіру тегін.

Барлық қала тұрғындарын жарысты тамашалауға шақырамыз.

Салтанатты ашылуы: 25 сәуір күні, сағат 10.00 ("Евразия" СК).

Ақтық белдесулер: 25 сәуір күні, сағат 10.30.

Ұйымдастырушылар: облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы.

● ОЙТҮРТКІ

КЕЛІН ЕНЕ ТОПЫРАҒЫНАН...

Қазақта ене мен келін арасындағы қарым-қатынас ерекше. Сол себепті ене мен келіннің сыйластығы бәрінен маңызды. Көп жағдайда шаңырақтың шайқалмауы, береке-бірлік пен жарасымдылықтың үйлесуі осы екі әйел затына байланысты. Адам баласы табиғатынан әртүрлі жаратылады. Бұл – заңдылық. Сондықтан ене мен келін арасында түрлі сыйластық бар. Бірі келінін «ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстауым керек» десе, енді бірі өз қызы секілді қамқорлығына алады. Мәңгайынан сүйеді. Бар білген-түйгенін, ақыл-кеңесін айтып отырады. Қыз баласы өмірге шыр етіп келген сәттен бастап, болашағы жатжұрттық болары сөзсіз. Отбасында еркелеп емін-еркін өсіп, бой-жеткен, өзге үйдің түтінін түтетеді. Ертеректе анасы өсіп келе жатқан қызының санасына «Барған жеріне тастай батып, судай сің. Отымен кіріп, күлімен шық. Ата-ананың атына сын келтірме. Бұл сенің міндетің» деп ақылын айтса, қазіргінің мамасы «Ішіме сыйған бала, сыртыма сияды. Өзіңді қорлатпа. Біз саған қашанда қолдау білдіреміз» деп келін атанып үлгермеген қызына ақыл айтады.

Дегенмен, қазіргі таңда қоғамда ене мен келін арасындағы қарым-қатынас өзекті тақырыпқа айналған. Осы тұста мысал келтіре кетейік. Мәрзия апаның алтындай алты келіні бар. Барлығын қолдан түсіріп, сырғасын салып, жаулығын тағып, ақ босағасын аттады. Келіндерінің жақсысын асырып, жаманын жасыра білді. «Жібекті түте алмаған жүн етеді, келінді күте алмаған күн етеді» деген қанатты сөзді жадында ұстанады. Осы қасиеттері көпшілікті таңғалдыратыны да жасырын емес. Өз қыздарындай көріп, бір отбасында алты келінің тату-тәтті тұруына ықпал етіп келеді. Келіндері де Мәрзия апаны анасындай күтіп, құрмет тұтады. Біз келіндер татулығының сырын сұрағанда, әжей: «Олар да бір отбасының үкілеп өсірген қыздары. Сондықтан өз қыздарымдай жақсы көрдім. Ойымды ұрыспай, тек ақылмен, жылы сөздермен жеткізіп отырдым. Бір жағы өскен отбасы мен ортасына да байланысты ғой. Құдайға шүкір келіндерім ақылына көркі сай» деді.

Расында, бұл отбасының татулығы көпке үлгі боларлықтай. Бірақ енесімен тіл табыса алмаған келіндер де бар. Кейде енелер де қаталдық танытып, жаңа түскен келінді қатты сынап жатады. Үй шаруасына араласып, істеген ісін күп көрмейді. Мұның соңы жас жұбайлардың ажырасуына алып келеді. Ал керсінше кейбір қылықты қыздарымыз келін атанған соң, қылық шығарады. Үй шаруасын адал атқармай, келін міндетін ұмытады. Енесіне қарсы келіп, ұрыс-керіс шықса, жүгін жинап төркініне кетіп қалатындар бар. Иә, бұл жағдайлар екі отбасының бірінде болатын құбылысқа айналуда ең өкініштісі.

Енесі келінін мақтап, келіні енесін сыйлап жатса, келеңсіздіктер болмас еді. Бірақ бұл оңай шаруа емес. Әркімнің өз пікірі бар.

Сіз не дейсіз?

Майра Саламатқызы, сатушы:

– Ене – ол екінші ана. Менің келін болғаныма 14 жыл болыпты. Бірге тұрып келеміз. Ең бірінші жолдасымның анасы болғандықтан құрмет тұтамын. Басында қатал болды. Кейін сол қаталдығының арқасында көп нәрсені үйрендім. Немерелерін жақсы көреді. Ертегі айтып, бар білгенін үйретіп жатады. Мен үй шаруасымен айналысамын. Негізі 17 жасымда келін болып түстім. Шаруаны жақсы жасадым деп айта алмаймын. Өйткені жас болдық. Келе-келе бәрін үйреніп алдым. Намысқа тырысып, қолымнан келгенше жасадым. Тіпті ренжіп қалған күндерім де бар. Бірақ ол қылығымнан кейін өзім ұялдым. Себебі ол кісі маған сабақ болсын дейді екен. Қазір енем өз анамдай. Ал мені өз қызындай жақсы көреді.

Жайна Тілегенова, қала тұрғыны:

– Бастапқыда қатал жан еді. Мінезі ауыр болатын. Мені талай жылатты. Бірақ барлығына шыдадым. Шаруаға икемсіздеу болатынмын. Ал келін болып түскен әулет үлкен. Қонақ көп келетін. Дастарқан үнемі жайылып тұрады. Білесіздер, қазақ қонағын құдайдай сыйлайтын халық. Сондықтан енем ерекше мән беретін. Менде барымды салып тырысатын болдым. Енді уақыт өткен сайын енеме алғысымды айтып отырамын. Кішкентай қиындыққа шыдамай, отбасының шырқын бұзатын жандар көп ғой. Бірақ уақыт өткен сайын бәрі де жақсы болады. Ең бастысы, төзім керек. Қазір енем екеуміз жақсы қарым-қатынастамыз. Құрбылар секілді сырласып отырамыз.

Салтанат Ақтаева, тігінші:

– Қазір бөлек тұрамыз. Тұрмысқа қалаға шықтым. Бәрі де орысша тәрбиеленген. Балаларыма енем қарамайтын. Ерте жастан балабақшаға берді. Ауырып қалса да мән бермейтін. Жасаған шаруамнан мін тауып отырады. Содан көңілім суып кетті. Бірақ анамның үлкенді құрметте, енеңе ешқашан қарсы шықпа деген ақылын тыңдап өскендіктен ерсі қылыққа бармадым. Құрбыларымның енесімен қызы секілді сөйлесіп жатқанда қатты қызығатынмын. Дегенмен, біз енеміз екеуміз тіл табыса алмадық. Содан жолдасымның жұмысына байланысты өзге қалаға қоныс аудардық. Қазір алыстан сыйласамыз. Жеке пікірім, енең туған анаңдай бола алмайды екен.

Айғаным Мұратова, зейнеткер:

– Қазақта «Жақсы келін – келін, жаман келін – келсап» деген нақыл бар. Бәрі де енеге байланысты. Жақсы тәрбие берсе, келін өзгереді. Біз отау тіккенде менің екі енем болды. Қойшы отбасы болатын. Қой бақтым, үйдің шаруасына да үлгердім, бала да тудым, енелерім мен атамның, жарымның көңілінен шығуға тырыстым. Үлкен енем мені ұнатпайтын. Қыста боранда малды қорға қамау қиын болатын. Беті-қолым үсіп, қатты жылағам. Отын теріп жүріп, адасып та кеткем. Қарным ашып, қараңғы түскенде жолдасым тауып алды. Әйтпесе қасқырларға жем болатын едім. Тіршілік таусылмайтын. Бәрін қолдан жасаймыз. Төркінге бару деген жоқ. Екі-үш жылда барамыз. Онда да бірекі күнге. Қазір бәрі басқаша. Ешкім ауыр тірлік жасамайды. Техника дамыған. Бірақ келіндеріме өзімнің басымнан өткенді көрсетпеймін. Менің үш келінім бар. Шүкір, барлығы жағдайымды жасап отырады. Одан артық не керек?!

Сара АДАЙБАЕВА.

● ДЕНСАУЛЫҚ

ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

«Сыр Медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында ҚР ҮЭМ тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті мамандары баспасөз конференциясын өткізді. Онда департамент басшысының орынбасары Ұлбосын Аханаева облыс көлеміндегі биылғы жылдың сәуір айында өтетін «Алдын алу, қорғау, иммундау» атты тақырыпта өтетін иммундау апталығы жайында кеңінен айтып берді.

Иммундау апталығының негізгі мақсаты – жұқпалы аурулардың алдын алу, емдеу шарасының басты жолы – вакцинаны халық арасында кеңінен насихаттау, өзге елдерден келген мигранттар мен тұрғылықты мекен жайы жоқ жандарды анықтап, оларға тиісті егумен қамту болып табылды.

Негізінен иммундау шаралары біраз уақыттан бері жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде дүниежүзінде «Натуралды оспа» ауруы түбегейлі жойылған. Ал соңғы 15 жылда өңірімізде құрөзек, сіріспе, көкжөтел, полимиелит секілді жұқпалы аурулар тіркелген жоқ. Қызылша, қызамық, шошқа мойын, вирусты гепатит В ауруларының деңгейі 5 жыл ішінде 10-15 есеге азайған. Бұл көңіл қуантарлық жайт. Сонымен қатар ҚР Ұлттық алдын алу кестесіне сәйкес 21 түрлі жұқпалы ауруға қарсы егу жұмыстары уақытылы жүргізіліп келеді екен. Адам өмірінде бала өмірге келгеннен бастап 56 жасқа дейін түрлі вакциналар егілетін көрінеді. Бұл – дені сау ұрпақ үшін жасалатын шара.

– Қазіргі таңда әлемде қызылша ауруы өршіп тұр. Сондықтан жиі тіркелуде. Дегенмен, онымен күрес тиімді жүргізіліп келеді. Оның алдын алу шарасы – тиісті вакцинаны уақытында салдыру керек. Аймақта қызылша ауруына жол бермеу негізінде арнайы медициналық штаб құрылды. Онда мектеп, жоғары оқу орындарында оқитын оқушылар мен студенттер арасында түрлі іс-шаралар, акциялар ұйымдастырылуда,- деді департамент басшысының орынбасары Ұлбосын Аханаева.

Сондай-ақ, баспасөз конференциясы барысында №3 емхананың балалар бөлімінің меңгерушісі Гүлнар, Битаева ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп балаға толық тексеруден өткізгеннен кейін барып, егу шарасы жасалатындығын жеткізді. Осы алдын алу жұмыстарының нәтижесінде балада кері әсер байқалмайды. Егер шарана уақытынан бұрын өмірге келсе және салмағы 2 кг-ға жетпесе, онда егу шарасы жасалмайды. Тек салмағын толықтырып, уақыты сәйкес келген кезде ғана екпе егіледі.

Дегенмен, кейбір ата-аналар екпе салдырудан бас тартып жатады. Ондай жағдайда екпенің әсері жайында толыққанды мәлімет беріледі. Өйткені ана мен бала денсаулығы қоғамның басты құндылығы.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● ҰБТ

ОҚЫҒАНЫҢНАН ТОҚЫҒАНЫҢ КӨП БОЛСЫН!

Әрбір мемлекеттің болашағы жастарда десек, жастардың білімі мен тәрбиесі мектепте шыңдалады. Ертең осы елге ие болып тізгін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушылары. Сапалы білім, саналы тәрбие беру әр ұстаздың алға қойған міндеті болса, өз елінің білімді, өнегелі азаматы болу – әр оқушының міндеті.

Оқушылардың өз бетінше білім алып, танымдық қызығушылықтарын арттырып, жекелеген пәндер бойынша ҰБТ-ге дайындаудың тиімді жолдарын қарастыра отырып, түрлі жағдаяттарға бейімделуіне мүмкіндік туғызу мақсатында №156 Н.Бекежанов атындағы қазақ орта мектебінде "ҰБТ-ға дайындаудың тиімді тәсілдері" тақырыбында мектепішілік семинар болып өтті. "Логарифм және оның қасиеттеріне есептер шығару" тақырыбындағы математика пәні мұғалімі Қ.Мырзабекова, "Консультационный урок по теме сложное предложение" тақырыбында орыс тілі пәні мұғалімі Ф.Мамбетова, "Сөз тіркесі. Сөздердің байланысы мен түрі" тақырыбында қазақ тілі пәні мұғалдімі Тыныбек Жұмақұлдердің жұмыстары жоғары деңгейде өтті.

Семинар соңында пән мұғалімдері мен оқушылар арасында ойда жүрген, шешімін таппаған мәселелер талқыланып, пікірлер алмасты. Мектеп директорының орынбасары Ш.Маханова семинарды қорытындылап, пән мұғалімдерінің еңбектеріне жеміс тіледі.

Рәбия ШЕРӘЛИЕВА,
№156 Н.Бекежанов атындағы қазақ орта мектебінің биология пәні мұғалімі.

● БАЙҚАУ

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Жуырда Алматы қаласындағы Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде республикалық «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» байқауы болып өтті. Оған облыстық білім басқармасы «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының жолдамасымен Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің студенті Шымболат Құрманғали қатысып, жүлдемен оралды.

Байқаудың негізгі мақсаты – кәсіби бағдар беру, талапкерлердің баспагерлік, редакторлық, дизайнерлік қабілетін анықтау, дарынды жастарға қолдау білдіру және «баспа ісі» мен «дизайн» мамандықтарына деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

Сайыс үш кезең бойынша өтті. Онда талапкерлердің жазылған шығармаларына байланысты арнайы ережелерге сүйене отырып, баға берді және қорытты. Жалпы, байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен келген 230-дан астам үміткер қатысты. Қызықты да тартысты өткен байқауда Сыр елінің намысын қорғаған Шымболат Құрманғали жүлделі 3-орынды жеңіп алды. «Сәулет» мамандығы бойынша білім алып жатқан жеңімпаз жетекшісі Назгүл Сабденбаева екеуі бұл сайысқа аса жауапкершілікпен дайындалыпты. Артылған сенім ақталып, жерлесіміз жүлделі келді. Біз Шымболаттың алдағы уақытта бұдан де биік белестерден көрінетініне сеніміміз мол.

Мирас АЙБЕК.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы «Бурводстрой» ЖШС Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 29 сәуіріндегі №421 қаулысымен бекітілген «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезіндегі жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша» субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асыру үшін «Бурводстрой» ЖШС облыс аумағындағы ауыл шаруашылығы субъектілерінен шеген құдық және ұңғыма қазып беруге тапсырыс алатындығын хабарлайды.

Қазылған құдық пен ұңғыманың толық құжаттарын дайындап беру жолдары қарастырылған.

Біздің байланыс телефондарымыз: 8 (7242)-21-57-74; 8-705-182-52-47.

ҚАЛАЛЫҚ ДӘРІГЕРЛІК ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ СТАНСАСЫНЫҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызметкердің аты-жөні	Уақыты	Телефон нөмірі
Шорабаев Яхия Кадирбекович	Сағат 08.00-ден 18.00-ге дейін	Жұм. тел.: 27-27-32
Оспанова Мария Асанбековна		
Оспанова Мария Асанбековна	Тәулік бойы	Ұялы тел.: 8 771 508 78 09

ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ

Келісім-шарт арқылы 10 тонналық тентімен борты 2014 жылы шыққан жаңа КамАЗ автокөлігі жалға беріледі.

Байланыс тел.: 8 777 451 91 05, 8 778 371 51 05, 8 707 171 91 05.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр елі
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 22758
Тапсырыс № 371
Электронды оқылым 28000.